



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Регламенті

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 1996 жылғы 8 ақпандағы Қаулысы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ РЕГЛАМЕНТІ

*Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
1996 жылғы 8 ақпандағы Қаулысымен қабылданды
(Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
2005 жылғы 12 қазандағы, 2007 жылғы 17 қазандағы, 2011 жылғы 9 қарашадағы,
2016 жылғы 7 қыркүйектегі, жылғы 23 желтоқсандағы № 1413-VI ПМ, 2022 жылғы 21
желтоқсандағы № 653-VII, 2023 жылғы 29 наурыздағы № 9-VIII ПМ қаулыларымен
енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қоса).*

МАЗМҰНЫ

1-бөлім ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2-бөлім ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСТАРЫН ӨТКІЗУ

ТӘРТІБІ

1-тарау. Парламент Мәжілісінің жалпы отырыстары

2-тарау. Дауыс беру және шешімдер қабылдау тәртібі

3-тарау. Парламент Мәжілісінің заң шығару қызметі

1-параграф. Заң жобаларының өту тәртібі

2-параграф. Сенат мақұлдамаған заңдарды қарау

3-параграф. Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына жүгіну

4-тарау. Парламент Мәжілісінде бастапқы қарауға жататын мәселелерді қарау тәртібі

5-тарау. Парламент Мәжілісінің ерекше қарауына жататын мәселелерді қарау тәртібі

6-тарау. Парламент Мәжілісінің дербес қарауына жататын мәселелерді қарау тәртібі

3-бөлім ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ ОРГАНДАРЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

7-тарау. Парламент Мәжілісінің Бюросы және оның құзыреті

8-тарау. Парламент Мәжілісінің жұмыс органдары

4-бөлім ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

9-тарау. Алып тасталды

10-тарау. Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттігі және олардың жауапкершілігі

11-тарау. Депутаттық сауалдар мен сұрақтар

4-1-бөлім ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНДЕ ДЕПУТАТТЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІ, ОЛАРДЫҢ ОРГАНДАРЫН ҚҰРУ, ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ДЕПУТАТТЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ

12-тарау. Парламент Мәжілісінің депутаттық бірлестіктері

12-1-тарау. Парламенттік көпшілік және парламенттік оппозиция

5-бөлім ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ

13-тарау. Парламент Мәжілісінің Төрағасы

14-тарау. Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасарлары

5-1-бөлім ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

6-бөлім ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Парламент Мәжілісінің Регламенті:

- 1) Парламент Мәжілісінің отырыстарын өткізу жағдайлары мен тәртібін;
- 2) Парламент Мәжілісінің жұмыс органдарын құру тәртібін;
- 3) Парламент Мәжілісі мен оның жұмыс органдарының қызметін ұйымдастыруды;
- 4) Парламент Мәжілісінің депутаттары мен лауазымды адамдарының өз өкілеттігін жүзеге асыру жағдайлары мен тәртібін;
- 5) саяси партиялар фракцияларының жұмысын ұйымдастыру мен жұмыс тәртібінің ерекшеліктерін белгілейді.

Парламент Мәжілісінің Регламенті, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Палатаның жалпы отырыстарында Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және Парламент Мәжілісінің қаулысымен бекітіледі.

Ескерту. 1-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді.

2. Парламент Мәжілісінің жалпы отырыстары ашық болып табылады және Мәжілістің интернет-ресурсында онлайн режимде трансляциялануы мүмкін.

Осы Регламентте көзделген жағдайларда Палата жабық отырыстар өткізуге құқылы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413 -VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Парламент Мәжілісі тоқсан сегіз депутаттан тұрады.

Парламент Мәжілісі депутатының өкілеттігі оны Республиканың Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты ретінде тіркеген кезден басталады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2007.10.17 № 64-IV; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4. Парламент Мәжілісінде жұмыс қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

2-БӨЛІМ. ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСТАРЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1-тарау. Парламент Мәжілісінің жалпы отырыстары

5. Парламент Мәжілісінің жалпы отырысын Мәжіліс Төрағасы шақырады.

Мәжілістің жалпы отырыстары сәрсенбі және бейсенбі күндері 13 сағат 00 минуттан 15 сағат 00 минутқа дейін үзіліспен сағат 10-нан 18-ге дейін өткізіледі.

Мәжіліс немесе Мәжілістің Бюросы жалпы отырысты өткізудің өзге уақыты туралы шешім қабылдай алады.

Төрағалық етуші өзінің бастамасы бойынша немесе Парламент Мәжілісінің қатысып отырған депутаттарының көпшілігінің ұсынысы бойынша жалпы отырыстарда үзіліс жариялайды.

Парламент пен Мәжілістің жалпы отырыстары өткізілмейтін кезеңде депутаттар Парламенттің жұмыс органдарында жұмыс істейді.

Парламенттік тыңдау, әдетте, жұма күндері, ал "үкімет сағаты" дүйсенбі күндері өткізіледі.

Мәжіліс депутаттарының сайлаушылармен өзара қарым-қатынас жасауы үшін оларға тоқсан сайын өңірлерге баруға күнтізбелік он күнге дейін беріледі. Мәжіліс немесе Мәжілістің Бюросы өңірлерге шығудың өзге мерзімдері мен мерзімділігі туралы шешім қабылдай алады.

Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарын өткізу кезінде Парламенттің жұмыс органдарының отырысын өткізуге жол берілмейді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2007.10.17 № 64-IV; 2011.11.09 № 1926-IV; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

6. Егер Парламент Мәжілісінің жалпы отырысына Палата депутаттары жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысатын болса, жалпы отырыс заңды деп саналады.

Жалпы отырыстың заңдылығын анықтау үшін ол басталар алдында, сондай-ақ әрбір үзілістен кейін депутаттарды дербес тіркеу өткізіледі. Дауыс берудің алдында депутаттарды қосымша дербес тіркеу өткізілуі мүмкін. Рәсімдік мәселелер бойынша дауыс берудің алдында депутаттарды қосымша дербес тіркеу өткізілмейді.

Ескерту. 6-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді.

6-1. Парламент Мәжілісі жаңа сайланымның бірінші жалпы отырысын Мәжілістің Төрағасын сайлағанға дейін Республика Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы ашады және жүргізеді.

Мәжілістің Төрағасын сайлағаннан кейін Палатаның жалпы отырысын одан әрі Парламент Мәжілісінің Төрағасы жүргізеді.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысына сәйкес 6-1-тармақпен толықтырылды.

6-2. Мәжілістің бірінші жалпы отырысында төрағалық етуші Мәжілістің бірінші жалпы отырысы ашылатын күнге жасалған, Орталық сайлау комиссиясы ресми тіркеген депутаттар тізіміне сәйкес Мәжілістің сайланған депутаттарының тектерін Палатаға хабарлайды.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысына сәйкес 6-2-тармақпен толықтырылды.

6-3. Жаңа сайланымның бірінші жалпы отырысында Мәжіліс Палатаның сайланған депутаттары санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы Электрондық жүйенің пайдаланылуын бақылау жөніндегі комиссияны сайлайды.

Бұл мәселе бойынша Мәжілістің шешімі қаулымен бекітіледі.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысына сәйкес 6-3-тармақпен толықтырылды; өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV; жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV; өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

6-4. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Төрағалық етуші Мәжілістің жалпы отырысында:

1) Палатаның жалпы отырыстарын ашады, жүргізеді және жабады;

2) алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3) жарыссөзде сөйлеу үшін электронды жүйе арқылы жазылғандар туралы мәліметті жария етеді. Бұл ретте сөз сөйлеуге жазылу әрбір қаралатын мәселе бойынша жеке жүргізіледі;

4) сөз сөйлеу үшін электронды табло бойынша қатаң түрде кезектілік тәртібімен сөз береді;

5) сөйлеуші Регламентті бұзған жағдайда - оған ескерту жасауға, ал қайталап бұзған ретте сөзден айыруға құқылы;

б) рәсімдік мәселелер бойынша кезектен тыс сөз береді;

7) заңдардың, Мәжіліс қаулылары мен басқа да актілерінің жобалары, депутаттардың жалпы отырыста қаралатын мәселелер жөніндегі ұсыныстары бойынша дауыс беруді ұйымдастырады және дауыс беру нәтижелерін жариялайды;

8) жалпы отырысты өткізудің осы Регламентте белгіленген тәртібін қамтамасыз етеді.

Мәжілістің жалпы отырысында мәселелерді талқылау кезінде төрағалық етуші депутаттардың сөздеріне баға беруге және түсініктеме беруге құқылы емес.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2007.10.17 № 64-IV; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8. Жалпы отырыстың күн тәртібі және мәселелерді қарау реті Бюрода (соның ішінде сұрау салу арқылы) алдын ала қаралады және жалпы отырыста Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы бекітіледі.

Күн тәртібі мен жұмыс реті жөніндегі ұсыныстар мен ескертпелер әрбір ұсыныс бойынша Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Ескерту. 8-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді.

9. Палатаның жалпы отырыстарында баяндамалар үшін - он бес минутқа дейін, қосымша баяндамалар үшін – он минутқа дейін, жарыссөзде сөз сөйлеу үшін – жеті минутқа дейін, жарыссөзде қайта сөз сөйлеу үшін - бес минутқа дейін, кандидатураларды талқылау кезінде - үш минутқа дейін, рәсімдік мәселелер бойынша сөз сөйлеу үшін, анықтамалар мен сұрақтар үшін екі минутқа дейін уақыт беріледі. Белгіленген уақыттан асып кеткен кезде микрофон автоматты түрде өшіріледі. Қажет болған жағдайда төрағалық етуші екі минуттан аспайтын қосымша уақыт беруі мүмкін.

Сұрақтар қою және оларға жауап қайтару үшін - бір сағаттан аспайтын, ал жарыссөз үшін бір жарым сағаттан аспайтын уақыт бөлінеді. Жарыссөз аяқталғаннан кейін баяндамашы мен қосымша баяндамашының он минутқа дейін қорытынды сөз сөйлеуге құқығы бар.

Палата депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен өзге де уақыт белгілей алады.

Сөз мінбеден немесе орыннан сөйленеді, бірақ талқыланып жатқан мәселе бойынша сөз сөйлеу екі реттен аспауға тиіс. Сөз беру туралы өтініш орнынан беріледі.

Қазақстан Республикасының Президентіне оның өтініші бойынша сөз сөйлеу үшін кез келген уақытта сөз беріледі.

Мәжіліс Төрағасының, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелерінің, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының,

Мемлекеттік кеңесшінің, Президент Әкімшілігі Басшысының, Президент пен Үкімет өкілдерінің өтініші бойынша талқыланып жатқан мәселе бойынша сөйлеу үшін сөз кезектен тыс беріледі.

Мәжіліс отырысында төрағалық етушінің рұқсатынсыз ешкімнің де сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2007.10.17 № 64-IV; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

10. Мәжілістің жалпы отырыстары ашық жүргізіледі.

Жалпы отырысқа қатысу қажеттігі туралы Палатаның шешімі қабылданған мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды адамдары Парламент Мәжілісінің отырысына келуге және өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті түсіндірмелер беруге міндетті. Парламент Мәжілісінің Республика Президентіне қатысты мұндай шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер бойынша Мәжілістің жалпы отырыстарына шақырылатын адамдардың тізімдерін Палатаның тұрақты комитеттері айқындайды.

Шақырылған адамдардың Мәжіліс қызметіне араласуға құқығы жоқ, олар оның жұмысын мақұлдайтынын немесе мақұлдамайтынын көрсетпеуге, белгіленген тәртіпті сақтауға және төрағалық етушінің өкімін орындауға міндетті.

Мәжіліс Аппаратының Басшысы шақырылған адамдарды олардың отырыс залында қатысып отыру қажеттігі туралы және қарауға жататын мәселелер туралы алдын ала хабардар етеді.

Шақырылған адамдарды Мәжілістің отырыс залына кіргізу тәртібін Мәжіліс Аппаратының Басшысы айқындайды.

Ескерту. 10-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді.

11. Мәжіліс депутатының ұсынысы бойынша, егер қатысып отырған депутаттар жалпы санының көпшілігі жақтап дауыс берсе, Палата жабық отырыстар өткізе алады.

Республика Президенті, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелері, Ұлттық Банк Төрағасы, Бас Прокурор, Республика Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, Мемлекеттік кеңесші, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мәжілістің кез келген жалпы отырысына қатысуға құқылы.

Президенттің, Үкімет пен Бас Прокурордың Мәжілістегі өкілдері Палата комитеттерінің отырыстарына, Мәжілістің жалпы отырыстарына қатысуға құқылы және қажет болған жағдайда анықтамалар беріп, хабарламалар жасай алады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

12. Парламент Палатасының жалпы отырыстары стенограммаға түсіріледі және олардың бейнежазбасы жүргізіледі. Стенограммаға отырыста төрағалық етуші қол қояды. Ашық отырыстардың стенограммалары Мәжілістің интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2011.11.09. № 1926-IV; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

12-1. Жалпы отырыс барысында ақпараттық қамтамасыз ету үшін - автоматтандырылған жүйе, ал Палата отырыстарын жүргізу процесін ұйымдастыру үшін тіркеудің және дауыстарды санаудың электрондық жүйесі пайдаланылады.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысымен 12-1- тармақпен толықтырылды.

13. Мәжілістің жалпы отырысында сөз сөйлеушінің депутаттық әдеп қағидаларын бұзуға, өз сөзінде депутаттар мен басқа да адамдардың ар-ожданы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздер айтуға, кімнің болса да атына негізсіз кінә тағуға, көрінеу жалған хабарламаны пайдалануға, заңсыз әрекеттерге шақыруға құқығы жоқ.

Бұл талап бұзылған жағдайда төрағалық етуші сөз сөйлеушіге ескерту жасайды, ал қайталап бұзылған кезде оны сөзден айырады.

Депутатты өзіне бөлінген уақыт ішінде:

- 1) сөз сөйлеу уақыты біткен;
- 2) талқыланып жатқан мәселе тақырыбынан ауытқыған;
- 3) осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген талаптар бұзылған жағдайлардан басқа реттерде, төрағалық етуші сөзден айыра алмайды.

Ескерту. 13-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

14. Жарыссөз барысында төрағалық етуші талқыланып отырған мәселе бойынша пікірлердің әралуандығын қамтамасыз етеді.

Жарыссөз оған бөлінген уақыт аяқталғанда не жалпы отырысқа қатысып отырған депутаттар көпшілігінің шешімі бойынша ашық дауыс беру арқылы тоқтатылады. Жарыссөзді тоқтату туралы шешім қабылданғаннан кейін төрағалық етуші Палата депутаттарына сөзге жазылған және сөз сөйлеген депутаттардың саны туралы хабарлайды, кім сөз сөйлеуді талап ететінін анықтайды және қатысып отырған депутаттардың көпшілігі келіскен жағдайда оған сөз береді. Саяси партия фракциясының, депутаттық топтың атынан сөз сөйлеу үшін міндетті түрде сөз беріледі.

Жарыссөздің тоқтатылуына байланысты сөз сөйлей алмай қалған депутаттар өз сөздерінің қол қойылған мәтіндерін Мәжіліс жалпы отырысының стенограммасына тіркеп қоюға құқылы.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 07.09.2016 № 95-VI қаулыларымен.

2-тарау. Дауыс беру және шешімдер қабылдау тәртібі

15. Мәжіліс өз құзыретінің мәселелері бойынша қаулылар қабылдайды.

Парламент Мәжілісі өз құзыретінің мәселелері бойынша үндеулер, декларациялар, мәлімдемелер және заңдық сипаты жоқ өзге де актілер қабылдауға құқылы. Оларды қабылдау Парламент пен Мәжіліс регламенттерінде белгіленген шарттар мен талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 15-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

16. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

17. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Егер Республика Конституциясында өзгеше көзделмесе, заңдар Палатаның жалпы отырыстарында Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV; 2011.11.09. № 1926-IV; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

19. Парламент Мәжілісі шешімдерді өз құзыретіне сәйкес өзінің жалпы отырыстарында дауыс беру арқылы қабылдайды.

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында дауыс беру:

- 1) тіркеудің және дауыстарды санаудың электрондық жүйесін пайдалану арқылы;
- 2) қол көтеру арқылы;
- 3) бюллетеньдерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Тіркеудің және дауыстарды санаудың электрондық жүйесін пайдалану арқылы дауыс беруді өткізген кезде депутат дауыс берудің дербес нәтижелері бар тізімді алуға құқылы.

Депутаттардың дауыс беру үшін қажетті саны болмаған жағдайда төрағалық етуші кворумды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады. Кворумды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда төрағалық етуші дауыс беруді Палатаның келесі жалпы отырысына қалдырады.

Өткізілген дауыс беру рәсімі мен техникасында қателер анықталған жағдайда Палатаның шешімімен қайта дауыс беру өткізіледі.

Тіркеудің және дауыстарды санаудың электрондық жүйесінің пайдаланылуын бақылауды Электрондық жүйенің пайдаланылуын бақылау жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

Әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижелері мен қабылданған шешімдер Палата жалпы отырысының стенограммасына түсіріледі.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV; 2011.11.09. № 1926-IV; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

20. Палатаның рәсімдік мәселелер жөніндегі шешімдері қаулы қабылдамай, жалпы отырысқа қатысып отырған депутаттардың көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады және жалпы отырыстардың стенограммасына түсіріледі.

Рәсімдік мәселелерге:

- 1) жалпы отырыстың үзілісі туралы;
- 2) жалпы отырысты басқа уақытқа ауыстыру туралы;
- 3) мәселелерді талқылау кезектілігі туралы;
- 4) жарыссөзді тоқтату немесе жалғастыру туралы;
- 5) сұрақ қоюды тоқтату туралы;
- 6) дауыс беру тәсілдері туралы;
- 7) сөз сөйлеу уақытын шектеу немесе ұзарту туралы;
- 8) кворумды растау және дауыстарды қайта санау туралы;
- 9) қайта дауыс беруді өткізуге қайтып оралу туралы мәселелер жатады.

Ескерту. 20-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді.

21. Дауыс беру басталар алдында төрағалық етуші дауысқа қойылатын ұсыныстардың санын жариялайды, олардың тұжырымдамаларын нақтылайды, депутаттардың қайсысы өз түзетулерін алып тастайтынын анықтайды, шешімді қандай көпшілік дауыспен қабылдауға болатынын еске салады.

Палата қарап жатқан мәселе бойынша бірнеше ұсыныс енгізілген жағдайда төрағалық етуші енгізілген барлық ұсыныстарды олардың келіп түсу ретімен дауысқа салады.

Төрағалық етуші дауыс берудің басталғаны туралы хабарлағаннан кейін ешкім дауыс беруді бұзуға құқылы емес.

Төрағалық етуші дауыс беру аяқталғаннан кейін дауыс беру нәтижелерін және қабылданған шешімді жариялайды.

Ескерту. 21-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

22. Дауыс беру кезінде депутат әр мәселе бойынша бір дауысқа ие болады, ол бұл дауысын шешімнің қабылдануын "жақтап" немесе оған "қарсы" береді не шешім қабылдаудан қалыс қалады.

Дауыс беру кезінде болмаған депутат кейіннен дауыс беруге құқылы емес.

Ескерту. 22-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

23. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен алып тасталды.

24. Бюллетеньдерді пайдалану арқылы жасырын дауыс беру өткізген кезде Палата депутаттар арасынан Санақ комиссиясын сайлайды. Кандидатуралары сайланбалы органдардың құрамына немесе лауазымды адамдар қызметіне ұсынылған депутаттар Санақ комиссиясына кірмейді. Санақ комиссиясының сайланғаны туралы Палата қаулы қабылдайды.

Санақ комиссиясы өз құрамынан комиссияның төрағасы мен хатшысын сайлайды. Санақ комиссиясының шешімі комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең бөлінген жағдайда төрағаның даусы шешуші болып табылады.

Дауыс беруге арналған қажетті хабарламасы бар бюллетеньдер Санақ комиссиясының бақылауымен ол белгілеген нысан бойынша және белгілі бір мөлшерде әзірленеді.

Дауыс беру уақыты мен орнын, оны өткізу тәртібін Санақ комиссиясы белгілейді және оларды Санақ комиссиясының төрағасы жариялайды.

Әр депутатқа Санақ комиссиясының төрағасы қол қойған бір бюллетень беріледі. Бюллетеньдердің жалпы саны Мәжіліс депутаттарының тізімдік құрамы санынан аспауға тиіс.

Жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер Палата депутаттарына олардың депутаттық куәлігін көрсетуі бойынша беріледі.

Депутат бюллетеньдерді жасырын дауыс беруге арналған кабинада - бюллетеньдегі өзі жақтап дауыс беретін кандидаттың тегінің оң жағына белгі қою, ал шешімнің жобасы бойынша бюллетеньде ұсынылатын шешімдер нұсқаларының бірінің оң жағындағы "жақтап" не "қарсы" деген сөздердің біреуін белгілеу арқылы толтырады.

Белгіленбеген нысандағы бюллетеньдер, ал лауазымды адамдарды сайлаған кезде бір қызметке бір кандидатурадан артық белгіленген бюллетеньдер де жарамсыз деп есептеледі. Бюллетеньге қосымша жазылған тектер дауыстарды санаған кезде есепке алынбайды. Біреуден артық шешім жобасы белгіленген бюллетеньдер жарамсыз деп есептеледі.

Толтырылмаған бюллетеньдер және барлық кандидаттардың тектері белгіленбеген бюллетеньдер жарамды деп танылады, алайда дауыстарды санаған кезде есепке алынбайды.

Санақ комиссиясы дауыс беруге арналған жәшікті дауыс беру аяқталғаннан кейін ашуға тиіс. Жәшікті дауыс беру аяқталғанға дейін ашуға тыйым салынады.

Дауыс беруге арналған жәшікті ашудың алдында Санақ комиссиясы пайдаланылмаған барлық бюллетеньдерді санайды және жояды.

Жәшікті ашу комиссия мүшелерінің барлығының қатысуымен жүзеге асырылады. Санақ комиссиясы жасырын дауыс беру нәтижелері туралы хаттама жасайды, оған

Санақ комиссиясының барлық мүшелері қол қояды. Палата Санақ комиссиясының баяндамасы бойынша Санақ комиссиясының жасырын дауыс беру нәтижелері туралы хаттамасын Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы бекітеді.

Өткізілген дауыс беру рәсімі мен техникасында қателер анықталған жағдайда Палатаның шешімі бойынша қайта дауыс беру өткізіледі.

Дауыс беру кезінде болмаған Парламент Мәжілісінің депутаты кейіннен дауыс беруге құқылы емес.

Ескерту. 24-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді.

3-тарау. Парламент Мәжілісінің заң шығару қызметі

1-параграф. Заң жобаларының өту тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24-1. Парламенттің қарауы міндетті болатын заң немесе Парламенттің өзге де заңнамалық актісі жобасының мәтінін заң шығару бастамасы құқығы субъектісінің ресми енгізуі заң шығару бастамасы болып табылады.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысына сәйкес 24-1-тармақпен толықтырылды.

24-2. Заң шығару бастамасы құқығы тек қана Парламент Мәжілісінде іске асырылады және:

1) Мәжіліске заңнамалық актінің жобасын енгізу туралы шешімді арнаулы жолдаумен ресімдейтін Республика Президентіне;

2) Мәжіліске заңнамалық актінің жобасын енгізу туралы шешімді тиісті ұсынумен ресімдейтін Парламент депутаттарына;

3) Мәжіліске заңнамалық актінің жобасын енгізу туралы шешімді Үкіметтің тиісті қаулысын шығару жолымен қабылдайтын Республиканың Үкіметіне беріледі.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысына сәйкес 24-2-тармақпен толықтырылды; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді.

24-3. Республика Президенті, депутаттар және Үкімет енгізген заң жобалары Парламент Мәжілісінің қаулысымен қарап, қорытынды әзірлеу үшін Мәжілістің тиісті тұрақты комитеттеріне жіберіледі және олар бойынша Палатаның барлық тұрақты комитеттерінің және Палата Аппаратының тиісті бөлімінің қорытындылары болған кезде ғана оның жалпы отырысында қаралуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген негіздер бойынша Парламент депутатының өкілеттігі оның бастамашы болған заң жобасы Палатаның жалпы отырысында қаралғанға дейін тоқтатылған жағдайда, Парламент Мәжілісінің ол бастамашы болған заң жобасын жұмысқа қабылдау туралы қаулысы Палатаның жалпы отырысында күші жойылды деп танылады.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысына сәйкес 24-3-тармақпен толықтырылды; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

24-4. Мемлекеттік кірістердің қысқаруын немесе мемлекеттік шығыстардың ұлғаюын көздейтін заң жобалары Республика Үкіметінің оң қорытындысы болған кезде ғана енгізілуі мүмкін.

Парламент Мәжілісіне Республика Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілетін заңнамалық актілердің жобалары үшін мұндай қорытынды талап етілмейді.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысына сәйкес 24-4-тармақпен толықтырылды; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

24-5. Заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асыру тәртібіне байланысты өзге де мәселелер осы Регламентпен шешіледі.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысына сәйкес 24-5-тармақпен толықтырылды.

25. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25-1. Заң актісінің жобасын енгізген заң шығару бастамасы құқығының субъектісі оны қараудың кез келген кезеңінде өзінің бастамасын қайтарып алуға құқылы.

Депутаттың заң шығару бастамасын қайтарып алуы жазбаша түрде ресімделуге және Мәжіліс Төрағасының атына енгізілуге тиіс. Егер заң шығару бастамасы құқығын бірнеше депутат пайдаланған жағдайда, заңнамалық актінің жобасын қайтарып алу оның барлық бастамашыларының қолдарымен бекітілуге тиіс. Республика Үкіметі енгізген заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен қайтарып алынады. Заң жобасы бастамашысының заң жобасын қайтарып алуын заң жобасын қайтарып алу туралы тиісті құжатты Мәжіліс Аппаратының тіркеген күннен бастап Аппарат үш күн мерзімде депутаттардың назарына жеткізеді.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысына сәйкес 25-1-тармақпен толықтырылды; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09. № 1926-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді.

26. Қағаз және электрондық жеткізгіштердегі заң жобасы қажетті қосымшаларымен (заң жобасы жөніндегі материалдармен) бірге Мәжіліске қазақ және орыс тілдерінде енгізіледі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен Үкімет енгізген, тіркелетін және Палата басшылығына

дереу жіберілетін заң жобаларын қоспағанда, заң жобасы бойынша ұсынылған материалдардың осы Регламенттің 27-тармағында белгіленген құжаттар тізбесіне сәйкестігін, сондай-ақ олардың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің сәйкестігін, оның ішінде мәтіндердің теңтүпнұсқалығы тұрғысынан алдын ала тексеру нәтижелері бойынша оң қорытынды болған кезде ол бес жұмыс күні ішінде Палатаның Аппаратында тіркеледі және Палата басшылығына жіберіледі.

Заң жобасының бастамашысы ұсынған заң жобасының мәтіні және оның материалдары автоматтандырылған жүйеде және Мәжілістің интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26-1. Қазақстан Республикасының Президенті енгізген заң жобалары бойынша материалдарда Мемлекет басшысының арнаулы жолдауы болуға тиіс.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысына сәйкес 26-1-тармақпен толықтырылды.

27. Заң жобасы бойынша ұсынылатын материалдар:

1) егер жобаны Үкімет енгізген болса, Үкіметтің қаулысын;

2) егер заң жобасына депутат (депутаттар) бастамашы болса, ұсынуды;

3) "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының 2-тармағында көзделген қосымшаларды;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашы болған, республикалық бюджет немесе республикалық бюджетті нақтылау туралы заң жобасы бойынша – Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген құжаттар мен материалдарды;

5) халықаралық шартты ратификациялау немесе денонсациялау туралы заң жобасы бойынша – "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 6-тармағында көзделген құжаттар мен материалдарды;

6) депутат (депутаттар) бастамашы болған және мемлекеттік кірістерді қысқарту немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайту көзделетін заң жобасы бойынша – Үкіметтің оң қорытындысын;

7) тәуелсіз сараптама қорытындысын (болған кезде) қамтуға тиіс.

Материалдар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

Палатаның Аппараты міндетті қосымшалардың бірі болмаған, сондай-ақ қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің сәйкессіздігі, оның ішінде мәтіндердің теңтүпнұсқалы болмауы анықталған кезде құжаттарды тіркемей, белгіленген талаптарды орындау үшін заң жобасының бастамашысына бес жұмыс күні ішінде қайтарады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Тіркелген заң жобасы алдын ала қарап, онымен одан әрі жұмыс істеу тәртібі туралы ұсыныстар әзірлеу үшін Мәжіліс қаулысымен тиісті комитетке (комитеттерге) жіберіледі. Егер заң жобасы екі және одан да көп комитетке жіберілген болса, онда қаулыда бірінші аталған комитет бас комитет болып есептеледі.

Қорытындыны әзірлеуге қажетті мерзім тапсырмада көрсетіледі және ол тіркелген заң жобасы тиісті комитеттерге және Палата Аппаратының Заңнама бөліміне келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кем болмауға тиіс.

Республика Президенті заң жобасын қарауды басым деп айқындаған жағдайда, Палатаның бас комитетінің қорытынды әзірлеуіне қажетті мерзім күнтізбелік қырық күннен аспайды.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

29. Заң жобасын қарау, заң жобасы бойынша қорытынды әзірлеу тәртібін Палатаның тиісті комитеті дербес айқындайды.

Бас комитет заң жобасы бойынша қорытынды әзірлеу үшін жұмыс тобын құра алады. Палатаның комитеті жұмыс топтарының құрамына заң жобасының бастамашыларын, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, ғылыми мекемелер өкілдерін, сарапшыларды, мамандарды, шаруашылық жүргізуші субъектілер басшыларын тартуға құқылы.

Жұмыс тобының жетекшісі болып бас комитетке мүше-депутат айқындалады.

Жұмыс тобының отырыстарында шешімдер жұмыс тобына мүше-депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

Жұмыс тобының заң жобасы бойынша қорытынды салыстырма кестесін бас комитет автоматтандырылған жүйеге орналастырады.

Тұрақты комитет заң жобасын, оның ішінде заң жобасының жекелеген нормаларын бағалау үшін тәуелсіз ғылыми және өзге де сараптамаға белгіленген тәртіппен жіберуге құқылы.

Палатаның комитеттері балама заң жобаларын негізгі жобамен бір мезгілде қарайды және әрбір жоба бойынша жеке-жеке қорытынды әзірленеді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

30. Заң жобасын комитеттерде, оның ішінде жұмыс топтарында талқылау ашық өткізіледі. Комитет заң жобасын талқылағанға дейін депутаттарға күні бұрын хабар береді.

Бас комитет:

заңды қабылдау немесе заң жобасын қабылдамау қажеттігі негізделген қорытындыны;

заң жобасын қарау нәтижелері туралы Мәжіліс қаулысының жобасын;

Палатаның тұрақты комитеттері мен депутаттарының түзетулері жинақталған заң жобасына салыстырма кестені әзірлейді.

Салыстырма кесте – екі оқылымды қажет етпейтін заң жобаларына, ал кемінде екі оқылымда қабылданатын заңдарға екінші (келесі) оқылымда әзірленеді және онда:

заң жобасының түзету ұсынылып отырған құрылымдық бөлігінің мәтіні;

түзетудің мазмұны;

түзетудің авторы туралы деректер;

түзету енгізудің негіздемесі;

комитеттің шешімі, комитет түзетуді қабылдамаған жағдайда, комитет шешімінің негіздемесі қамтылуға тиіс.

Заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бастамашылары ғана алып тастай алады.

Егер заң жобасына түзету мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін болса, онда бас комитет енгізілген түзетуді қорытынды беруі үшін Үкіметке жібереді.

Егер Үкіметтің қорытындысы бойынша қосымша түсіндірмелер қажет болса, комитет оларды Үкіметтен талап етіп алдыруға құқылы.

Депутаттардың өзге түзетулерін Үкіметке қорытындыға жіберу талап етілмейді.

Заң жобасы бойынша заң техникасына байланысты түзетулер, сондай-ақ заң жобасы нормаларының құқықтық мазмұнын өзгертпейтін редакциялық сипаттағы ескертулер бас комитеттің салыстырма кестесіне енгізілмеуі мүмкін және Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі қабылдаған және Парламенті Сенатына мақұлдауға жіберілетін заң мәтінінде ескеріледі.

Бас комитет осы Регламентте белгіленген тәртіппен заң жобасы бойынша тиісті қорытынды қабылдағаннан кейін келіп түскен заң жобасы бойынша түзетулер салыстырма кестеге енгізілмейді.

Бас комитеттің заң жобасы бойынша салыстырма кестесі Мәжілістің интернет-ресурсына орналастырылады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

30-1. Депутаттар қабылдау қажеттігі негізделген заң жобасына түзетулерді бас комитетке заң жобасы бойынша соңғы оқылым басталғанға дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей жазбаша түрде береді.

Түзетулер енгізген депутаттар жұмыс тобында немесе бас комитетте заң жобасын талқылау барысында олардың мазмұнын нақтылауға құқылы, бас комитет отырыстың өтетін уақыты мен орны туралы депутаттарға күні бұрын хабар береді.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысына сәйкес 30-1-тармақпен толықтырылды; жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

30-2. Кемінде екі оқылымда қарау көзделетін заң жобасы бойынша бас комитет тұрақты комитеттердің қорытындыларын алғаннан кейін бірінші оқылымда қаралуға тиіс тұжырымдамалық ережелерді Мәжілістің талқылауына дереу енгізуге құқылы.

Бас комитеттің қорытындысында басқа тұрақты комитеттердің осы заң жобасы бойынша пікірлері және бас комитеттің заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау немесе қабылдамау жөніндегі ұсыныстары көрсетіледі.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысына сәйкес 30-2-тармақпен толықтырылды.

31. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

32. Бас комитет жалпы отырыста қарауға әзірленген заң жобасын, оның материалдарын Мәжіліс жалпы отырысының қарауына енгізу үшін, әдетте, отырысқа дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей Палата Бюросына жібереді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

33. Палатаның Бюросы бас комитеттің қорытындысын ескере отырып, заң жобасын жалпы отырыстың күн тәртібіне енгізу туралы ұсыныс жасайды.

Жалпы отырыстың күн тәртібі және Мәжілістің қарауына енгізілетін мәселелерге қатысты қажетті барлық материал Палатаның жалпы отырысына дейін бір күннен кешіктірілмей автоматтандырылған жүйеге күні бұрын орналастырылып, депутаттарға бұл туралы хабар беріледі.

Ескерту. 33-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2011.11.09 № 1926-IV; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

34. Егер Палата нақты жобаға қатысты басқа шешім қабылдамайтын болса, Мәжілістің жалпы отырыстарында заңдардың жобаларын қарау бір оқылымда жүзеге асырылуы мүмкін.

Кодекстің жобалары, оларға өзгерістер мен толықтырулар кемінде екі оқылымда қаралады.

Ескерту. 34-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2007.10.17 № 64-IV; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

35. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

36. Палата заң жобасын бір оқылымда не бірінші оқылымда қарау кезінде осы жоба бастамашысының баяндамасын және бас комитеттің қосымша баяндамасын тыңдайды, заң жобасының негізгі ережелерін талқылайды.

Палатаның жалпы отырысында республикалық бюджет немесе республикалық бюджетті нақтылау туралы заң жобасын қарау кезінде баяндамаларды тыңдау

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Егер заң жобасы бір оқылымда қаралса және оны қабылдамау туралы ұсыныстар түспесе, Палата осы Регламенттің 41-тармағында көзделген тәртіппен заң жобасын тұтастай немесе баптар бойынша талқылауды жалғастырады және осы Регламенттің 41-1-тармағында көзделген шешімді қабылдайды.

Бір мәселе бойынша балама заң жобалары енгізілген кезде Палата оларды оқылым барысында бір мезгілде талқылайды және қаралып отырған жобалардың қайсысын екінші оқылымға әзірлеу үшін негізге алу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

38. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

39. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

39-1. Бас комитет заң жобасын екінші (келесі) оқылымға әзірлеу кезінде заң жобасына жазбаша енгізілген түзетулерді қарайды.

Ескерту. 1-параграф 39-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40. Заң жобасы бойынша екінші оқылымда бас комитеттің төрағасы немесе жұмыс тобының жетекшісі не комитет мүшелерінің бірі баяндама жасайды. Баяндама бойынша жарыссөз болмайды. Қажет болған жағдайда, заң жобасы бойынша сөз сөйлеу үшін Үкімет өкіліне сөз беріледі.

Екінші оқылым барысында заң жобасын қарау кезінде бас комитетке жазбаша түрде енгізілген түзетулер ғана қаралады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

41. Заң жобасын екінші (келесі) оқылымда қарау кезінде:

- 1) бастамашы ұсынған заң жобасы;
- 2) баптар бойынша дауысқа салынбай, бас комитет қабылдаған, салыстырма кестеге енгізілген депутаттардың барлық түзетуі ескерілген заң жобасы;
- 3) бас комитет әзірлеген салыстырма кестенің қабылданған және қабылданбаған позициялары бойынша заң жобасының баптары дауысқа салынады.

Енгізілген түзетулер бойынша бас комитеттің шешімімен келіспеген авторлардың өз негіздемесімен сөз сөйлеуге құқығы бар. Палата депутатының талап етуі бойынша оның енгізген түзетуі дауысқа салынады. Мұндай жағдайда бірінші болып депутаттың ұсынысы дауысқа салынады, әрбір түзету дауысқа жеке-жеке салынады. Егер жобаның

бір бабына бірнеше түзету енгізу ұсынылған болса, онда қабылдануы немесе қабылданбауы басқа түзетулер мәселесін шешуге мүмкіндік беретіндері алдымен дауысқа салынады.

Егер депутаттардың бірде-бірі мұндай тәртіпке қарсы болмаса, Палата осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген тәртіппен дауыс беру туралы шешім қабылдай алады.

Палата заң жобасын екінші оқылымда қарау нәтижелері бойынша осы Регламенттің 41-1-тармағында көрсетілген шешімдердің бірін қабылдайды.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

41-1. Палата заң жобасын қарау нәтижелері бойынша депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) заңды қабылдау және оны мақұлдау үшін Сенатқа жіберу;
- 2) заң жобасын пысықтау үшін комитетке қайтару;
- 3) келесі оқылымдарды өткізу;
- 4) заң жобасын тұтастай қабылдамау.

Бас тартылған заң жобасы қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.

Ескерту. 1-параграф 41-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42. Мәжіліс қабылдаған, бас комитет төрағасының, жұмыс тобы жетекшісінің (болған кезде) және Мәжіліс Аппаратының тиісті бөлімдері басшыларының қолымен алдын ала бекемделген заң қабылданған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Палатаның қаулысымен бірге Палата Аппараты арқылы Парламент Сенатына мақұлдау үшін беріледі.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-параграф. Сенат мақұлдамаған заңдарды қарау

Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43. Сенат Мәжіліс қабылдаған заңды тұтастай немесе оның жекелеген баптары бөлігінде мақұлдамауға құқылы.

Аталған жағдайда заң Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламентінде көзделген материалдармен Мәжіліске қайтарылады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44. Мәжіліс Төрағасы Сенат қайтарған заңды қоса тіркелген құжаттармен бірге бас комитетке береді, ол Сенаттың заңды мақұлдамау негіздерін қарайды және олар бойынша қорытынды әзірлейді.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

45. Палата Бюросы бас комитеттің қорытындысын ескере отырып, Сенат мақұлдамаған заңды жалпы отырыстың күн тәртібіне енгізу туралы ұсыныс жасайды.

Сенат қоса берген материалдар мен бас комитеттің қорытындысы автоматтандырылған жүйеге күні бұрын, бірақ Палатаның жалпы отырысына дейін кемінде бір күн бұрын орналастырылады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

46. Сенат жалпы отырыста мақұлдамаған заңды қарау кезінде Палата бас комитет төрағасының немесе комитет мүшелерінің бірінің баяндамасын тыңдайды. Баяндама бойынша жарыссөз болмайды.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

47. Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен келіссе, Мәжіліс заңды жаңа редакцияда қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып есептеледі және Президенттің қол қоюына ұсыну үшін күнтізбелік жеті күн ішінде Сенатқа жіберіледі.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

48. Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен қарсылық білдірсе, сондай-ақ Сенат заңды тұтастай мақұлдамаған жағдайда, Парламент Палаталары арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Туындаған келіспеушіліктерді еңсеру үшін Мәжіліс пен Сенат әрбір Палатадан саны тең депутаттардың қатысуымен келісім комиссиясын құрады. Келісім комиссиясының жұмысына заң шығару бастамасы құқығының субъектісі (ол уәкілеттік берген адам) кеңесші дауыс құқығымен қатыса алады.

Келісім комиссиясын құру қажеттігі және оның құрамына Мәжілістен депутаттарды сайлау туралы шешім Палатаның жалпы отырысында Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және Сенатқа жіберіледі. Сенаттың депутаттарды келісім комиссиясына сайлауының ұқсас рәсімінен кейін келісім комиссиясының мүшелері өз құрамынан төрағаны келісім комиссиясы мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен сайлайды.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

49. Келісім комиссиясы тиісті заңның бірыңғай мәтінін әзірлеуге ұмтыла отырып, Сенат пен Мәжіліс арасында келіспеушілік туғызған заң ережелерін ғана қарайды.

Келісім комиссиясы шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Келісім комиссиясының шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. "Жақтап" және "қарсы" берілген дауыстар саны тең болған жағдайда, келісім комиссиясы төрағасының даусы шешуші болып есептеледі.

Келісім комиссиясы жұмыс нәтижелері бойынша келіспеушіліктерді еңсеру жөніндегі ұсыныстар қамтылған қаулыны қабылдайды, ол Мәжіліс Бюросының қарауына енгізіледі.

Келісім комиссиясының қаулысына заңның өзгерістер енгізілген баптарының салыстырма кестесі қоса беріледі.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

50. Мәжіліс заң келісім комиссиясынан кейін қаралған кезде келісім комиссиясының қаулысында қамтылған ұсыныстарды ғана талқылайды. Осы ұсыныстардың шегінен шығатын ешбір түзетуді Мәжіліс қарамайды.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51. Мәжіліс келісім комиссиясының әрбір ұсынысы бойынша Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жеке-жеке шешім қабылдайды. Қарсылықтар болмаған кезде келісім комиссиясының кестесі тұтастай дауысқа салынуы мүмкін.

Мәжілістің келісім комиссиясының ұсыныстарының бірімен келіспеуі осы Регламенттің 51-2-тармағында көзделген салдарға алып келеді.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-1. Парламент Мәжілісінің қаулысы, келісім комиссиясының материалдары күнтізбелік жеті күн ішінде Сенатқа жіберіледі.

Ескерту. 2-параграф 51-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-2. Мәжіліс келісім комиссиясы ұсынған редакциядағы заңды Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылдамаған жағдайларда, Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайтадан дауысқа салуды жүргізеді.

Егер қайтадан дауысқа салу кезінде Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді растаса, заң күнтізбелік он күн ішінде Президенттің қол қоюына ұсынылады.

Егер заң Мәжіліс депутаттарының көрсетілген көпшілік даусын алмаса, заң қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.

Ескерту. 2-параграф 51-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

52. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен.
53. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен.
54. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
55. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
56. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-параграф. Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына жүгіну

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

57. Мәжіліс Төрағасы, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігін құрайтын Палата депутаттары Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына жүгіне алады. Депутаттардың жүгініміне депутаттардың тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетілген, қолымен куәландырылған тізімі қоса беріледі. Конституциялық Сотқа жүгінімді Мәжіліс Аппараты жібереді.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

58. Ескерту. 58-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді.

59. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен.

4-тарау. Парламент Мәжілісінде бастапқы қарауға жататын мәселелерді қарау тәртібі

60. Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді ретімен әуелі – Мәжілісте, содан кейін Сенатта қарау арқылы заңдарды қабылдайды, оның ішінде:

- 1) республикалық бюджетті бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 2) мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және жояды;
- 3) Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылымы мәселелерін шешу тәртібін белгілейді;
- 4) мемлекеттік наградаларды тағайындайды, Республиканың құрметті, әскери және өзге де атақтарын, сыныптық шендерін, дипломатиялық дәрежелерін белгілейді, Республиканың мемлекеттік рәміздерін айқындайды;

5) мемлекеттік заемдар және Республиканың экономикалық және өзге де көмек беруі жөніндегі мәселелерді шешеді;

6) рақымшылық жасау жөніндегі мәселелерді шешеді;

7) Республиканың халықаралық шарттарын ратификациялайды және күшін жояды.

Ескерту. 60-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2007.10.17 № 64-IV; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

60-1. Парламент Палаталардың бөлек отырыстарында мәселелерді әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта кезегімен қарау арқылы:

1) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерді талқылайды;

2) Республика Президентінің қарсылықтарын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әрбір Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылықтарын, ең болмаса, Палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі;

3) республикалық референдум тағайындау туралы бастама көтереді.

Ескерту. Регламент 60-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV; өзгеріс енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

61. Парламент Мәжілісіне енгізілген заң жобаларын қарау осы Регламенттің 3-тарауына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 61-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

61-1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептеріне материалдарды ұсыну, Палатаның жалпы отырысында баяндамаларды тыңдау, республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерді талқылау Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде және Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламентінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. Регламент 61-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

62. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

63. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

64. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

65. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

66. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.
67. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.
68. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.
69. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.
70. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.
71. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.
72. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.
73. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.
74. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.
75. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

75-1. Парламент қабылдаған, Парламенттің әрбір Палатасы Төрағаларының қолдарымен алдын-ала бекітілген заңдарды Парламент қабылданған күнінен бастап он күннің ішінде Республика Президентінің қол қоюына ұсынады, бір айдың ішінде Президент ұсынылған заңға қол қойып, оны жариялайды не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылау және дауысқа салу үшін Парламентке қайтарады.

Аталған мерзім ішінде қайтарылмаған заңға қол қойылды деп есептеледі.

Ескерту. Регламент 75-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV; өзгеріс енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

75-2. Қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде Республика Президентінің қарсылықтарын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қайта талқылау мен дауысқа салу жүргізіледі. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді.

Республика Президентінің Парламент қабылдаған заң бойынша келіп түскен қарсылықтары Мәжілісте тіркелгеннен кейін Палата Төрағасы қарсылықтарды Республика Президентінің және Мәжіліс Аппараты Заңнама бөлімінің өкілдерін қатыстыра отырып қарау үшін бас комитетке жібереді. Бас комитет пен Палата Аппаратының Заңнама бөлімі Президент қарсылықтарын күнтізбелік он күн ішінде қарап, олар бойынша қорытынды береді, Мәжіліс Төрағасы осыдан кейін Палатаның жалпы отырысын шақырады.

Мәжілістің жалпы отырысында Президенттің қарсылықтары бойынша баяндаманы Президент уәкілеттік берген лауазымды адам жасайды.

Егер Мәжіліс дауыс беру қорытындылары бойынша Президенттің қарсылықтарын еңсермесе, онда Парламент Палаталарының Президент қарсылықтарын одан әрі қарауы тоқтатылады және заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі.

Егер Мәжіліс Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, онда заң Президент қарсылықтарымен бірге әрі қарай қарау үшін Сенатқа беріледі.

Қарсылықтарды Мәжілісте қарау барысында Республика Президенті депутаттардың ұсыныстарын ескере отырып, өзі қарсылықтарда ұсынған заңның редакциясын тұтастай не оның тиісті жекелеген баптарын өзгертуге құқылы.

Парламент Палаталарының отырыстарында заң немесе оның жекелеген баптары қайтадан талқыланған және дауысқа салынған кезде дауысқа салу, егер Президенттің қарсылықтары заңға тұтастай қатысты туындаған болса, онда заң бойынша тұтас не Республика Президентінің қарсылықтарын туғызған баптар бойынша өткізіледі.

Жалпы отырыстың өткізілетін уақыты мен орны туралы оны өткізерден кемінде үш күн бұрын Мәжіліс Аппараты Республика Президентінің өкіліне хабарлайды.

Ескерту. Регламент 75-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV; өзгеріс енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

5-тарау. Парламент Мәжілісінің ерекше қарауына жататын мәселелерді қарау тәртібі

76. Мәжілістің ерекше қарауына:

1) Парламентке енгізілген конституциялық заңдардың және заңдардың жобаларын қарауға қабылдау;

2) Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен Республика Президентіне Республика Премьер-Министрін тағайындауға келісім беру;

3) Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау;

3-1) Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін жылына екі рет тыңдау;

4) Конституциямен Парламент Мәжілісіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің бастамасы бойынша Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен, Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіруге құқылы.

Ескерту. 76-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2007.10.17 № 64-IV; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

77. Конституциялық заңдардың жобаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашы болған заң жобаларын қарауға қабылдау және қарау осы Регламентке және Парламент Регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің заң жобаларын қарауға қабылдауы және қарауы осы Регламенттің 3-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653 -VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

77-1. Премьер-Министрді қызметке тағайындауға Парламент Мәжілісінің келісімін алу үшін Республика Президенті Палатаға жазбаша ұсыну енгізеді.

Президенттің жазбаша ұсынуы негізінде Мәжілістің Төрағасы Палатаның жалпы отырысын шақырады.

Премьер-Министрді тағайындауға Парламент Мәжілісінің келісімі Палата отырысында беріледі.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен 77-1-тармақпен толықтырылды; өзгеріс енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

77-2. Премьер-Министр қызметіне кандидатураны Мәжіліс отырысында Республика Президенті немесе ол уәкілеттік берген Республиканың лауазымды адамы таныстырады.

Мәжіліс отырысында кандидатқа және кандидатты таныстырушы адамға сұрақтар қойылуы мүмкін. Депутаттар ұсынылған кандидатты "жақтап" немесе "қарсы" пікірлер білдіруге құқылы.

Егер депутаттар ұсынылған кандидатура бойынша жарыссөз ашуды талап етпесе, жарыссөз ашылмауы мүмкін.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен 77-2-тармақпен толықтырылды.

77-3. Мәжіліс ұсынылған кандидатура бойынша Премьер-Министр қызметіне тағайындауға келісім беру туралы шешім қабылдамаған жағдайда, Президент Мәжіліске нақ осы адамға немесе жаңа кандидатураға жазбаша ұсыну енгізеді.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен 77-3-тармақпен толықтырылды.

77-4. Үкімет мүшелерін қызметке тағайындау үшін Республика Президентіне ұсынылатын кандидатуралар бойынша Парламент Мәжілісімен оның тиісті бейінді тұрақты комитеттерінде консультациялар өткізіледі.

Тиісті комитеттің отырысында консультациялар өткізу кезінде қызметке кандидатураларды Республиканың Премьер-Министрі немесе ол уәкілеттік берген лауазымды адам ұсынады.

Консультациялардың қорытындысы бойынша тиісті комитет талқыланатын әрбір кандидатура бойынша консультативтік (ұсынымдық) сипатта болатын қорытынды шығарады.

Ескерту. Регламент 77-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

78. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

79. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

80. Ескерту. 80-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді; тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

81. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

82. Ескерту. 82-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді; тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

83. Ескерту. 83-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді; тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

84. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

85. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен.

86. Президенттің кезекті сайлауы Парламент Мәжілісінің қаулысымен қыркүйек айының екінші жексенбісінен кешіктірілмей жарияланады.

Ескерту. 86-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді.

86-1. Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебі Палатаның жалпы отырысында тыңдалады.

Ескерту. Регламент 86-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

87. Ескерту. 87-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді; тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

88. Ескерту. 88-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді; тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

6-тарау. Парламент Мәжілісінің дербес қарауына жататын мәселелерді қарау тәртібі

89. Парламент Мәжілісі дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз:

1) Конституциялық Соттың үш судьясын қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;

2) Конституцияның 47-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда Парламент құратын комиссия мүшелерінің тең жартысына өкілеттік береді;

3) Палаталардың бірлескен комиссиялары мүшелерінің тең жартысын сайлайды;

4) Палаталар депутаттарының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ Республика Бас Прокурорының ұсынуымен Палаталар депутаттарын оларға ешкімнің тиіспеуі құқығынан айыру мәселелерін шешеді;

5) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша парламенттік тыңдау өткізеді;

6) Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Республика Үкіметі мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдауға құқылы. Есепті тыңдау қорытындысы бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен оны қызметінен босату туралы Республика Президентіне өтініш қабылдауға құқылы. Бұл жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады;

7) Палатаның үйлестіруші және жұмыс органдарын құрады;

8) өз қызметінің Регламентін және Палатаны ұйымдастыру мен оның ішкі жұмыс ретіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешімдер қабылдайды.

Ескерту. 89-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2007.10.17 № 64-IV; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

89-1. 89-тармақтың 1) тармақшасында аталған адамдарды лауазымдарға тағайындау Палатаның жалпы отырысында Мәжіліс Төрағасының ұсынуы бойынша жүзеге асырылады.

Ұсынылған кандидатуралар мәселе Мәжілістің жалпы отырысында қаралғанға дейін Мәжіліс Бюросының шешімімен айқындалатын Палатаның тиісті комитетінің отырысында талқылануға тиіс. Комитет кандидатураларды қарау қорытындысы бойынша талқыланатын әрбір кандидатура бойынша қорытынды шығарады.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен 89-1-тармақпен толықтырылды; жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

89-2. Жоғарыда аталған қызметтерге тағайындау туралы мәселені қарау кезінде Мәжіліс Төрағасы кандидатураларды Палатаның жалпы отырысында таныстырады.

Содан кейін тиісті комитеттің өкілі сөз сөйлеп, комитеттің осы кандидатура жөніндегі қорытындысын жария етеді.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен 89-2-тармақпен толықтырылды.

89-3. Жоғарыда аталған қызметтерге кандидаттар Палатаның алдында қысқаша сөз сөйлеуге құқылы. Отырысқа қатысып отырған депутаттар кандидатқа немесе кандидатты таныстырушы адамға сұрақтар қоюға, ұсынылған кандидатураны "жақтап" немесе оған "қарсы" сөйлеуге құқылы. Мәселені талқылау отыз минуттан артық уақыт алмауға тиіс.

Егер депутаттар ұсынылған кандидатура бойынша жарыссөз ашуды талап етпесе, жарыссөз ашылмауы мүмкін.

Ұсынылған кандидатуралар бойынша талқылау және дауыс беру әр кандидатура бойынша жеке-жеке жүргізіледі. Кандидатураларды тізім бойынша талқылауға және дауыс беруге жол берілмейді.

Егер Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жоғарыда аталған қызметтерге кандидаттарды жақтап дауыс берсе, олар қызметке сайланды деп есептеледі. Егер Палата дауыс берудің өзгеше тәртібін белгілемесе, шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Парламент Мәжілісі жоғарыда аталған лауазымдарға кандидатураларды сайлау туралы қаулы қабылдайды.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен 89-3 тармақпен толықтырылды; өзгеріс енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

89-4. Мәжіліс ұсынылған кандидатуралар бойынша қызметке тағайындау туралы шешім қабылдамаған жағдайда, Палата Төрағасы Мәжіліске нақ сол адамдар немесе жаңа кандидатуралар жөнінде жазбаша ұсыныстар енгізеді.

Жаңа кандидатураны талқылау мен сайлау осы Регламенттің 89-1 - 89-3-тармақтарында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен 89-4-тармақпен толықтырылды.

90. Ескерту. 90-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді; тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

91. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен алып тасталды.

92. Республика Конституциясы 47-бабының 1-тармағына сәйкес Республика Президенті науқастануына байланысты өзінің міндеттерін атқаруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Бұл ретте Парламент әр Палата депутаттарының тең санынан және медицинаның тиісті салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады.

Парламент Мәжілісінен комиссия мүшелерінің кандидатураларын тікелей Мәжіліс депутаттары, Мәжілістің тұрақты комитеттері Палатаның жалпы отырысында ұсынады. Парламент Мәжілісі депутаттары жалпы санының неғұрлым көп даусын алған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Ескерту. 92-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

93. Палаталардың бірлескен комиссиясы мүшелерінің тең жартысын Парламент Мәжілісінің сайлауы "Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Парламент Регламентіне сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 93-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен.

94. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

94-1. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

94-2. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

94-3. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

94-4. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

95. Депутатты қылмыстық жауапқа тартуға, ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге немесе сот тәртібімен салынатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға келісім алу үшін Республиканың Бас Прокуроры Парламент Мәжілісіне ұсыну енгізген жағдайда, Парламент Мәжілісі ұсынуды қорытынды әзірлеу және оны Палатаның жалпы отырысына енгізу үшін Республиканың Орталық сайлау комиссиясына жібереді.

Бас Прокурор ұсынуды депутатқа күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны ұсынудың, күзетпен ұстау, ұйқамаққа алу түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты сотқа енгізудің, ұстап алу, мәжбүрлеп әкелу қажеттігі туралы мәселені шешудің немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі сотқа жіберудің алдында енгізеді.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

96. Бас Прокурордың ұсынысы мен Республиканың Орталық сайлау комиссиясының қорытындысы олар келіп түскен күннен бастап екі апта мерзімнен кешіктірілмей қаралады. Парламент Мәжілісі тиісті лауазымды адамдардан қосымша ақпарат ұсынуды талап етуге құқылы.

Парламент Мәжілісі дәлелді шешім қабылдап, оны үш күн мерзімде Бас Прокурорға және Республиканың анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органының басшысына жібереді.

Депутат өзіне ешкімнің тиіспеуі құқығы туралы мәселені Парламент Мәжілісі қараған кезде оған қатысуға құқылы.

Республиканың Орталық сайлау комиссиясы іс жөнінде шешім қабылдаған тиісті соттан қаралған істің нәтижелері туралы ақпаратты сұратып алдырады және айыптау үкімі шығарылған жағдайда Парламент Мәжілісіне депутатты мандаттан айыру туралы ұсыныс енгізеді.

Ескерту. өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

96-1. Парламент Мәжілісі жұмыс жоспарына сәйкес өз құзыретіндегі мәселелер бойынша "үкімет сағатын" өткізе алады.

Парламенттік оппозиция осы Регламентте көзделген тәртіппен бір сессия ішінде кемінде екі рет "үкімет сағатының" күн тәртібін айқындауға құқылы.

"Үкімет сағатының" күн тәртібіне енгізілетін тақырып бойынша ұсыныстарды бастапқы кезде депутаттар ұсынады және олар парламенттік оппозиция болып табылатын саяси партиялар фракцияларының әрқайсысында бөлек қаралады.

Талқылау қорытындысы бойынша бұл ұсыныстар парламенттік оппозиция болып табылатын саяси партиялар фракцияларының бірлескен отырысының қарауына шығарылады, содан кейін "үкімет сағатының" келісілген тақырыбы "үкімет сағатын" өткізуді дайындап жатқан тұрақты комитеттің қарауына жіберіледі.

Парламенттік оппозицияның өкілдері тұрақты комитеттің "үкімет сағатын" өткізу жөніндегі дайындық жұмысына қатысады.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен 96-1-тармақпен толықтырылды; жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

96-2. Депутаттар "үкімет сағаты" барысында Үкімет өкілінің баяндамасын және қажет болған кезде тиісті тұрақты комитеттің қосымша баяндамасын тыңдайды, содан кейін депутаттар Үкіметтің өкіліне сұрақтар қоюға құқылы. Талқыланып отырған мәселе бойынша баяндамаға – жиырма минуттан аспайтын, қосымша баяндамаға – он минуттан аспайтын, сұрақтар мен жауаптарға – бір жарым сағаттан аспайтын, ал талқылауға бір сағаттан аспайтын уақыт беріледі.

"Үкімет сағатында" төрағалық етушінің рұқсатынсыз ешкімнің сөз алуға құқығы жоқ.

"Үкімет сағаты" Мәжілістің интернет-ресурсында онлайн режимде трансляцияланады.

Ескерту. Регламент 96-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

97. Парламент Мәжілісі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша парламенттік тыңдау өткізеді.

Парламенттік тыңдау Палата қызметін ұйымдастыру нысаны болып табылады, оның мақсаты - өз құзыретіне жататын аса маңызды мәселелерді алдын ала талқылау.

Парламенттік оппозиция осы Регламентте көзделген тәртіппен бір сессия ішінде кемінде бір рет парламенттік тыңдау өткізуге бастамашылық жасауға құқылы.

Парламенттік тыңдау тақырыбының жобасын депутаттар ұсынады және ол парламенттік оппозиция болып табылатын саяси партиялар фракцияларының әрқайсысында бөлек қаралады.

Парламенттік тыңдау тақырыбының жобасын депутаттық фракциялардың талқылау қорытындысы бойынша тақырыптың жобасы парламенттік оппозиция болып табылатын саяси партиялар фракцияларының бірлескен отырысының қарауына шығарылады, содан кейін парламенттік тыңдаудың келісілген тақырыбы Мәжіліс Бюросының қарауына жіберіледі.

Парламенттік оппозицияның өкілдері парламенттік тыңдауды өткізу жөніндегі арнайы уақытша комиссияның дайындық жұмысына қатысады.

Парламенттік тыңдауды дайындау үшін арнайы уақытша комиссиялар құрылады.

Ескерту. 97-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

98. Парламенттік тыңдаудың тақырыбы, олардың өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлама парламенттік тыңдау басталғанға дейін жеті күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарына беріледі.

Парламенттік тыңдауға шақырылған адамдардың құрамын осы тыңдауды ұйымдастыратын Палата комитеттері, комиссиялары белгілейді.

99. Парламенттік тыңдауды Палата Бюросының шешімі бойынша Мәжіліс комитеттері өткізеді.

Палата комитеттері мен комиссиялары бірлескен парламенттік тыңдау өткізуі мүмкін.

100. Парламенттік тыңдау бұқаралық ақпарат құралдары мен жұртшылық өкілдері үшін ашық болады.

Палата Бюросының немесе комитеттің (комиссияның) шешімі бойынша, егер тыңдау мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпиядан тұратын мәліметтерге қатысты болса, жабық тыңдау өткізілуі мүмкін.

Ашық парламенттік тыңдаудың есептері Парламент басылымдарында жарияланады және бұқаралық ақпарат құралдарында жазып көрсетілуі мүмкін.

Ашық парламенттік тыңдау Мәжілістің интернет-ресурсында онлайн режимде трансляцияланады.

Ескерту. 100-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі);); 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

101. Парламенттік тыңдауды Палатаның тиісті комитетінің, комиссиясының төрағасы жүргізеді.

Парламенттік тыңдау Палаталардың бірлескен немесе бөлек жалпы отырыстары күндері өткізілмейді.

102. Парламенттік тыңдау төрағалық етушінің қысқаша сөз сөйлеуімен басталады, ол талқыланатын мәселенің мәні, оның маңыздылығы, отырыстың өткізілу тәртібі, шақырылған адамдардың құрамы туралы хабардар етеді.

Талқыланатын мәселе жөнінде баяндама жасау үшін отыз минутқа дейін сөз беріледі, содан соң парламенттік тыңдауға қатысып отырған депутаттар мен шақырылған адамдар сөз сөйлейді.

Депутаттар, сондай-ақ шақырылған адамдар парламенттік тыңдауда тек төрағалық етушінің рұқсатымен ғана сөз сөйлейді. Егер тыңдауға қатысып отырған депутаттардың көпшілігі өзгеше белгілемесе, сөз сөйлеу уақыты жеті минуттан аспайды.

Саяси партия фракциясының, депутаттық топтың атынан сөз сөйлеу үшін міндетті түрде сөз беріледі.

Ескерту. 102-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2007.10.17 № 64-IV; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

103. Парламенттік тыңдаудағы баяндамадан және шақырылған адамдардың сөйлеген сөздерінен кейін ауызша да, сондай-ақ жазбаша нысанда да депутаттардың, басқа да қатысушы адамдардың сұрақтары беріліп, оларға жауаптар қайтарылады.

Шақырылған адамдардың парламенттік тыңдаудың барысына араласуға, оларды наразылық немесе мақұлдау білдірумен үзіп жіберуге құқығы жоқ. Төрағалық етуші тәртіп бұзушыларды отырыс залынан шығарып жіберуге құқылы.

104. Парламенттік тыңдау қорытындылары бойынша тыңдауға қатысқан Палата депутаттары көпшілігінің мақұлдауы арқылы алынған ұсыныстар қабылданады.

Парламенттік тыңдауда қабылданған ұсыныстар барлық депутаттарға, тиісті мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерге жеткізіледі және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылуы мүмкін.

Ескерту. 104-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді.

105. Парламенттік тыңдау стенограммаға түсіріледі.

Жабық парламенттік тыңдаудың материалдары Парламент депутаттарына, Президент пен Үкімет өкілдеріне, сондай-ақ өкілдері парламенттік тыңдауға қатысқан мемлекеттік органдарға ғана арналады.

Ескерту. 105-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді.

106. Мәжіліс Республика Конституциясының 57-бабына сәйкес Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Республика Үкіметі мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдауға құқылы. Мәжіліс есепті тыңдау нәтижелері бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен оны қызметтен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға құқылы.

Ескерту. 106-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

107. Палата Үкімет мүшесінің есебін тыңдау туралы мәселені қабылдаған жағдайда Мәжіліс оның мерзімін белгілейді және есебі тыңдалатын Үкімет мүшесін Палата шешімі және ол тыңдалатын күн туралы жазбаша түрде хабардар етеді. Сонымен бір мезгілде Палата Үкімет мүшесін тыңдауды ұсынған ынталы топтан баяндамашыны белгілейді.

Үкімет мүшесі оның есебін тыңдау туралы Палатаның шешім қабылдауына негіз болған құжаттармен танысуға құқылы және өзін тыңдайтын күнгі Мәжілістің жалпы отырысына қатысуға міндетті.

Палатаның Үкімет мүшесінің есебін тыңдау жөніндегі өкілеттігін жүзеге асыру мақсатында есепті тыңдау бастамашылары қатарынан арнаулы уақытша комиссия құрылады.

Ескерту. 107-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді.

108. Палатаның жалпы отырысында Үкімет мүшесінің есебін тыңдау төрағалық етушінің қысқаша кіріспе сөзімен басталады, ол мәселенің мәні туралы хабарлама жасайды.

Төрағалық етушінің сөзінен кейін Үкімет мүшесін тыңдауды ұсынған бастамашы топтың баяндамашысына сөз беріледі, ол осы шешімнің қабылдануын туындатқан дәлелдерді жария етеді. Баяндама отыз минуттан аспауға тиіс.

Бұдан кейін сөз тыңдалатын Үкімет мүшесіне беріледі, оның есебі отыз минуттан аспауға тиіс.

Есеп беруден кейін депутаттар сұрақтар қоюға және оларға жауаптар алуға, өз пікірін айтуға құқылы.

Саяси партия фракциясының, депутаттық топтың атынан сөз сөйлеу үшін міндетті түрде сөз беріледі.

Ескерту. 108-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

109. Жарыссөз аяқталғаннан кейін жалпы отырыста төрағалық етуші:

1) Үкімет мүшесінің есебін назарға алу туралы;

2) Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда, оны қызметінен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасау жөніндегі мәселені Палатаға дауысқа салады.

Мәселелерді дауысқа салу олардың түсу ретіне қарай қойылады.

Ескерту. 109-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

109-1. Үкімет мүшесінің есебін назарға алу туралы шешім Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және қаулымен бекітіледі.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен 109-1 тармақпен толықтырылды.

110. Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда, оны қызметтен босату туралы Республика Президентіне өтініш Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады.

Ескерту. 110-тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысының редакциясында; өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

110-1. Мәжіліс жалпы отырыста өз құзыретінің мәселелері бойынша үндеулер, декларациялар, мәлімдемелер және заңнамалық сипаты жоқ өзге де актілер қабылдауға құқылы.

Үндеудің, декларацияның, мәлімдеменің жобалары алдын ала тұрақты комитеттердің отырыстарында талқыланады және олардың шешімі бойынша Палата Бюросына енгізіледі.

Бұл мәселе жалпы отырыста қаралған кезде жобаны ұсынған тұрақты комитеттің өкілі үндеудің, декларацияның, мәлімдеменің жобасын жария етеді. Үндеудің, декларацияның, мәлімдеменің жобасы бойынша жарыссөз ашылуы мүмкін. Палата қажет болған жағдайда оны пысықтау жөніндегі редакциялық комиссияны құрады. Мәжіліс үндеуді, декларацияны, мәлімдемені Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен қабылдайды, оларға Палатаның Төрағасы қол қояды.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен 110-1-тармақпен толықтырылды.

3-БӨЛІМ. ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ ОРГАНДАРЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

7-тарау. Парламент Мәжілісінің Бюросы және оның құзыреті

111. Мәжіліс Бюросы Парламент Мәжілісінің үйлестіруші органы болып табылады және Мәжіліс Төрағасы жанынан құрылады.

Бюро құрамына Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасарлары, Мәжілістің тұрақты комитеттерінің төрағалары, Мәжілісте өкілдік ететін саяси партиялар фракцияларының жетекшілері кіреді.

Мәжіліс Бюросының отырысына саяси партия фракциясының жетекшісі қатыспаған жағдайда, оның тапсыруы бойынша Палата Бюросының жұмысына оның орынбасарларының бірі қатысуы мүмкін.

Ескерту. 111-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді.

112. Мәжіліс Бюросы:

1) Парламенттің кезекті сессиясына арналған Мәжілістің іс-шаралар жоспарының жобасын әзірлеуді қамтамасыз етеді және оны Парламент Мәжілісінің бекітуіне енгізеді;

2) конституциялық заңдардың жобаларын және заңдардың жобаларын әзірлеу жөніндегі жоспарлардың жобаларын қарайды;

3) Палатаның заң жобаларын және өзге де шешімдер жобаларын қарауының кезектілігі жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

3-1) жалпы отырысты өткізудің өзге уақыты туралы шешім қабылдауға құқылы;

4) депутаттардың, Палата комитеттерінің ұсыныстары бойынша ғылыми ұйымдар мен мамандарды тарта отырып әзірлеуге жататын заң жобаларының тізбесін, сондай-ақ депутаттар бастамашы болған заңдардың жобаларын республикалық бюджет қаражаты есебінен әзірлеу тәртібін бекітеді;

5) Палатаның жалпы отырыстарын дайындауды үйлестіреді;

6) Палата комитеттері мен комиссияларының қызметін үйлестіреді;

7) бірнеше комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Палата комитеттерінің бірлескен жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдеседі және алдын ала бас комитетті белгілейді;

8) Палатаның тиісті комитеттерінің парламенттік тыңдау өткізуі туралы шешім қабылдайды;

9) басқа мемлекеттер парламенттерімен халықаралық байланыстардың жыл сайынғы жоспарларын қарайды;

10) Палата комитеттерінің ұсынысы бойынша депутаттарды халықаралық, парламентаралық институттардың түрлі органдарының құрамына ұсынады, оларға өзгерістер енгізеді;

11) депутаттарды шет елдерге ресми делегация құрамында және дербес іссапарларға жіберу мәселелерін шешеді;

11-1) депутаттардың сайлаушылармен кездесу үшін өңірлерге шығуының мерзімдері мен мерзімділігі туралы шешім қабылдауға құқылы;

12) депутаттар арасынан Конституциялық Сотқа Парламент Мәжілісінен өкілдер тағайындайды;

13) Палата депутаттарының жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мәселелерін қарайды;

14) Мәжіліс Аппаратының құрылымын, штат санын анықтайды және оларды Парламент қызметін қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражаты шегінде құрады, Аппарат Басшысын қызметке бекітеді және қызметтен босатады;

15) Палата жұмысын ұйымдастырудың осы Регламентте Палатаның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған өзге де мәселелерін шешеді.

Мәжіліс Бюросы өз құзыреті шегінде қаулылар қабылдайды, Парламент Мәжілісі олардың күшін жоюға құқылы.

Ескерту. 112-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2007.10.17 № 64-IV; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

113. Палата Бюросының отырыстары қажеттілігіне қарай шақырылады және оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқанда заңды болады.

Палатаның Бюросында қарауға арналған құжаттар отырыс басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей енгізіледі.

Белгіленген мерзімде және толық көлемде материалдар ұсынылмаған мәселелер күн тәртібіне енгізілмейді.

Ескерту. 113-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді.

114. Парламент депутаттары, Республика Президенті мен Үкіметінің өкілдері Мәжіліс Бюросының отырыстарына кеңесші дауыс құқығымен қатысуға құқылы.

Мәжіліс Бюросының отырысына төрағалық етуші мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін шақыруы мүмкін.

Ескерту. 114-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді.

115. Палата Бюросының шешімі оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

Палата Бюросының отырыстары стенограммаға түсіріледі, ал қаулылар тиісті хаттамалық жазбалармен ресімделеді. Парламент депутаттары стенограммамен және хаттамалық жазбалармен танысуға құқылы. Мәжіліс Бюросы қараған мәселелер мен ол қабылдаған шешімдер туралы Палата депутаттарына хабарланады.

Ескерту. 115-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8-тарау. Парламент Мәжілісінің жұмыс органдары

116. Мәжіліс Қазақстан Республикасы Конституциясының 60-бабының 1-тармағына сәйкес Палата депутаттары арасынан тұрақты комитеттер құрады.

Палата комитеттері Мәжілістің жұмыс органдары болып табылады және заң жобалау жұмыстарын жүргізу, мәселелерді алдын ала қарау және дайындау, Парламент Палатасы қарауға енгізген мәселелер бойынша қорытындылар беру үшін құрылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Палатаның тұрақты комитеттері өзге де мәселелерді қарайды және Мемлекет басшысына тиісті қорытындылар береді.

Тұрақты комитеттер өз қызметінің ішкі нысанын дербес айқындайды.

Парламент Мәжілісінің жұмыс органдары ашық отырыстарының стенограммалары мен хаттамалары электрондық құжаттар форматында автоматтандырылған жүйеде орналастырылады.

Ескерту. 116-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2011.11.09 № 1926-IV; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

117. Мәжілістің тұрақты комитеттерінің төрағаларын сайлау тұрақты комитеттер тізбесі мен сандық құрамы айқындалғаннан кейін жүзеге асырылады. Палатадағы тұрақты комитеттердің саны жетіден аспауға тиіс. Тұрақты комитеттердің төрағалары сайланғаннан кейін Палата тұрақты комитеттердің мүшелерін сайлайды.

118. Сандық құрамын қалыптастыру кезінде депутаттардың қай тұрақты комитетте жұмыс істегісі келетіні ескеріледі. Тұрақты комитеттерде мүшелер жетіспеген жағдайда депутаттар Парламент Мәжілісі Төрағасының ұсынысы бойынша Мәжіліс қаулысымен басқа тұрақты комитеттерге ауысуы мүмкін.

Ескерту. 118-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді.

119. Тұрақты комитет мүшелерінің санын Парламент Мәжілісі белгілейді, бірақ ол жеті депутаттан кем болмауы керек.

120. Парламент Мәжілісі тұрақты комитетінің төрағасы Палатаның жалпы отырысында Мәжіліс депутаттары арасынан Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен, ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Тұрақты комитет төрағасы қызметіне кандидатураларды Палатаның депутаттары ұсынады.

Ескерту. 120-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді.

121. Мәжілістің тұрақты комитеті төрағасының қызметіне кандидатқа Палата алдында сөз сөйлеу құқығы беріледі. Сөз сөйлеу уақыты - он минутқа дейін.

Кандидат сөз сөйлегеннен кейін депутаттар оған сұрақтар қоюға, кандидатура жөнінде өз пікірін айтуға, ұсынылған кандидатураны "жақтап" немесе оған "қарсы" үгіт жүргізуге құқылы.

Палатаның тұрақты комитеті төрағасы қызметіне кандидатқа депутаттардың сұрақтарына жауаптар қайтару үшін он бес минутқа дейін уақыт бөлінеді. Кандидатураны талқылау үшін жиырма минутқа дейін уақыт бөлінеді.

122. Кандидатураларды талқылау бөлінген уақыт біткеннен кейін немесе депутаттардың ұсынысы бойынша Палата шешімімен тоқтатылады.

123. Егер тұрақты комитеттің төрағасы қызметіне екіден артық кандидат ұсынылса және олардың бір де біреуі сайлану үшін қажетті дауыс санын ала алмаса, ең көп дауыс санын алған екі кандидат бойынша қайталап дауыс беру жүргізіледі.

Қайталап дауыс беру кезінде ең көп дауыс санын алған кандидат тұрақты комитеттің төрағасы қызметіне сайланды деп есептеледі.

124. Тұрақты комитет төрағасының сайланғаны туралы Парламент Мәжілісі қаулы қабылдайды.

125. Комитет мүшелері жалпы санының үштен екісінің ұсынысы бойынша, егер бұл үшін Палата депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, тұрақты комитет төрағасы қызметінен кері шақырылып алынуы мүмкін.

126. Комитет төрағасы өз еркімен орнынан түсуге құқылы, егер бұл үшін Палата депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, ол қабылданды деп есептеледі.

127. Тұрақты комитет төрағасы:

- 1) тұрақты комитеттің жұмысына басшылық жасайды;
- 2) комитеттің жұмыс жоспарын және отырыстардың күн тәртібінің жобасын жасайды;
- 3) комитет мүшелеріне комитет жұмысына байланысты тапсырмалар береді.

Ескерту. 127-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

128. Палатаның тұрақты комитетінің хатшысы комитет мүшелері арасынан оның отырысында комитет мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен, ашық дауыс беру арқылы сайланады.

Тұрақты комитет хатшысы қызметіне кандидатураны Палатаның тиісті тұрақты комитетінің мүшелері ұсынады.

Комитеттің хатшысы комитет төрағасының тапсырмасы бойынша комитеттің отырыстарын жүргізеді, комитет төрағасы болмаған кезде оны алмастырады, комитет депутаттары арасында міндеттерді бөлуге сәйкес комитет қызметінің ішкі тәртібінің басқа да мәселелерін шешеді және комитеттегі іс қағаздарын жүргізуге жауап береді.

128-1. Төрағасы мен хатшылары "Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының үшінші бөлігіне және 19-бабының үшінші бөлігіне сәйкес сайланатын Мәжілістің тұрақты комитеттері парламенттік көпшілікке және парламенттік оппозицияға кіретін

саяси партиялар фракциялары басшыларының консультацияларынан кейін айқындалады және олардың бірлескен шешімімен ресімделіп, Мәжіліс Төрағасына беріледі.

Мұндай шешімге қол жеткізілмеген жағдайда, Парламент Мәжілісі Палатаның жалпы отырысында депутаттардың ұсыныстары бойынша Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен төрағалары мен хатшылары парламенттік көпшіліктің және парламенттік оппозицияның партияларынан сайланатын тұрақты комитеттерді айқындайды.

Ескерту. Регламент 128-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

128-2. Парламенттік оппозиция депутаттарының арасынан төраға мен хатшылар Мәжілістің әртүрлі тұрақты комитеттеріне сайланады.

Ескерту. Регламент 128-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

128-3. Парламенттік оппозиция болып табылатын саяси партиялардың фракциялары Мәжілістің тұрақты комитеттерінің бірінің төрағасы лауазымына бірыңғай кандидатура ұсынады.

Парламенттік оппозициядан тұрақты комитеттердің бірінің төрағасы лауазымына бірыңғай кандидатура парламенттік оппозиция болып табылатын саяси партиялардың фракциялары басшыларының консультацияларынан кейін айқындалады және олардың бірлескен шешімімен ресімделіп, Мәжіліс Төрағасына беріледі.

Парламенттік оппозиция тұрақты комитеттердің бірінің төрағасы лауазымына бірыңғай кандидатураны айқындамаған жағдайда, онда Парламент Мәжілісі Палатаның жалпы отырысында парламенттік оппозиция болып табылатын саяси партиялар фракцияларының ұсыныстары бойынша Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен парламенттік оппозицияның депутаттары арасынан тұрақты комитеттердің бірінің төрағасын сайлайды.

Ескерту. Регламент 128-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

128-4. Парламенттік оппозиция болып табылатын саяси партиялардың фракциялары Мәжілістің екі тұрақты комитетінің хатшысы лауазымдарына бірыңғай кандидатуралар ұсынады.

Парламенттік оппозициядан екі тұрақты комитеттің хатшысы лауазымдарына бірыңғай кандидатуралар парламенттік оппозиция болып табылатын саяси партиялар фракциялары басшыларының консультацияларынан кейін айқындалады және олардың бірлескен шешімімен ресімделіп, хатшылары парламенттік оппозициядан сайланатын тұрақты комитеттерге жіберіледі.

Парламенттік оппозиция екі тұрақты комитеттің хатшысы лауазымдарына бірыңғай кандидатураларды айқындамаған жағдайда, онда тұрақты комитеттер өз

отырыстарында парламенттік оппозиция болып табылатын саяси партиялар фракцияларының жазбаша ұсыныстары бойынша комитеттер мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен парламенттік оппозиция депутаттарының арасынан екі тұрақты комитеттің хатшыларын сайлайды.

Бұл ретте дауысқа алдымен парламенттік оппозиция болып табылатын саяси партиялардың басқа фракцияларымен салыстырғанда сайлаушылар дауыстарының неғұрлым көп санына ие парламенттік оппозиция болып табылатын саяси партия фракциясының кандидатурасы қойылады.

Ескерту. Регламент 128-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

129. Егер бұл үшін комитет мүшелері жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, тұрақты комитет төрағасының ұсынысы бойынша хатшы қызметінен кері шақырылып алынуы мүмкін.

130. Тұрақты комитеттің отырыстары оның мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі болған кезде заңды болады.

Тұрақты комитеттің отырыстарында комитеттің төрағасы немесе хатшысы төрағалық етеді.

Тұрақты комитеттің отырысы қажетіне қарай, бірақ айына кемінде екі рет өткізіледі

Тұрақты комитеттің отырысы туралы оның төрағасы кемінде екі тәулік бұрын осы комитеттің мүшелерін хабардар етеді, сондай-ақ отырыстың басқа да қатысушыларына алдын ала хабарлайды.

Тұрақты комитет өз қызметіне қажетті құжаттар мен материалдарды сұратып алуға, сондай-ақ өз отырыстарына комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша лауазымды адамдарды шақыруға және тыңдауға, тәуелсіз сараптама жүргізуді тағайындауға құқылы.

Тұрақты комитеттің шешімі комитет мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. "Жақтап" және "қарсы" берілген дауыс саны тең болған жағдайда комитет төрағасының дауысы шешуші болып есептеледі.

Тұрақты комитет отырыстарының хаттамаларына төрағалық етуші қол қояды.

Ескерту. 130-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді.

131. Парламент Мәжілісінің Төрағасы мен оның орынбасарларын қоспағанда, Парламент Мәжілісінің депутаттары тұрақты комитеттердің құрамына кіруге құқылы.

Парламент Мәжілісінің депутаты Палатаның бір тұрақты комитетінің ғана мүшесі болуы мүмкін.

Ескерту. 131-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

132. Қажет болған жағдайда жаңа комитеттер құрылып, бұрын құрылғандарының таратылуы және қайта ұйымдастырылуы мүмкін.

Комитеттер өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулылар және қорытындылар түрінде шешімдер шығарады.

Тұрақты комитеттер мен комиссиялар қызметінің өкілеттігі мен тәртібі заңмен айқындалады.

132-1. Палатаның құзыретіне жатқызылған мәселелер жөніндегі ұсыныстарды талдау үшін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанынан шешімдері ұсынымдық сипатта болатын консультациялық-кеңесші органдар құрылуы мүмкін.

Консультациялық-кеңесші органдарды Парламент Мәжілісі құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Мәжіліс Бюросы:

- 1) консультациялық-кеңесші органдардың құрамын белгілейді;
- 2) консультациялық-кеңесші органдардың басшы лауазымды адамдарын тағайындайды;
- 3) консультациялық-кеңесші органдар туралы ережені бекітеді;
- 4) тоқсан сайын консультациялық-кеңесші органдардың қызметі туралы басшы лауазымды адамдардың есептерін тыңдайды.

Палата Аппараты Парламент Мәжілісі жанындағы консультациялық-кеңесші органның жұмыс органы болып табылады.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен 132-1-тармақпен толықтырылды.

4-БӨЛІМ. ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Ескерту. 9-тарау алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 12.10.2005 № 407-III қаулысымен.

10-тарау. Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттігі және олардың жауапкершілігі

138. Мәжіліс депутаты Парламенттің, Палатаның және құрамына өзі сайланған олардың органдарының, сондай-ақ парламенттік тыңдаудың, үкімет сағаттары мен жұмыс топтарының жұмысына қатысуға міндетті.

Ескерту. 138-тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысының редакциясында.

139. Парламент депутаты:

- 1) Парламент пен оның Палаталарының үйлестіруші, жұмыс және консультациялық-кеңесші органдарын сайлауға және оларға сайлануға;

2) сессияның күн тәртібі, талқыланатын мәселелерді қараудың тәртібі және олардың мәні бойынша ұсыныстар мен ескертпелер енгізуге;

3) Парламент Палаталары сайлайтын немесе тағайындайтын не олардың тағайындалуына Парламент Палаталары келісім беретін лауазымды адамдардың кандидатуралары жөнінде өз пікірін айтуға;

4) Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарында қарау үшін ұсынылатын мәселелер бойынша Палата Бюросына ұсыныстар енгізуге, ал оның ұсыныстары қабылданбаған жағдайда оларды Палаталардың жалпы отырыстарының қарауына енгізуге;

5) Парламент пен оның Палаталары органдарының отырыстарында қарау үшін мәселелер ұсынуға;

6) Парламент Палаталарына есеп беретін лауазымды адамдардың есебін немесе хабарламасын Парламент сессиясында тыңдау туралы ұсыныстар енгізуге;

7) заңда белгіленген тәртіппен депутаттық сауал жолдауға, сондай-ақ өзін сайлаушылардың хаттары мен өтініштерін мемлекеттік органдардың қарауына жіберуге;

8) жарыссөздерге қатысуға, баяндамашыларға, сондай-ақ отырысқа төрағалық етушіге сұрақтар қоюға;

8-1) заңда және осы Регламентте белгіленген тәртіппен Мәжілісте сөз сөйлейтін кез келген лауазымды адамға күн тәртібіндегі кез келген мәселе бойынша сұрақтар қоюға, жауаптар алуға және пікір білдіруге;

9) дауысқа салу себептері бойынша өзінің ұсыныстарын негіздеп, сөз сөйлеуге, анықтамалар беруге;

10) заңдардың, қаулылардың, Парламент қабылдайтын басқа да актілердің жобаларына түзетулер енгізуге;

11) Парламент депутаттарын азаматтардың қоғамдық мәні бар үндеулерімен таныстыруға;

12) Парламент отырыстарының стенограммалары мен хаттамаларындағы депутаттардың сөйлеген сөздерінің мәтіндерімен танысуға;

13) "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, Парламент пен Палатаның регламенттеріне сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 139-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді; 2007.10.17 № 64-IV; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

140. Депутаттық міндеттерін атқаруға бөгет жасау мақсатымен депутатқа немесе оның жақын туыстарына қандай нысанда болмасын ықпал жасау Республика заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Депутат алдында өздерінің міндеттерін орындамаған, оған көрінеу жалған ақпарат берген, депутаттық қызметтің кепілдіктерін бұзған мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың лауазымды адамдары Республика заңдарымен белгіленген жауапқа тартылуға тиіс.

Ескерту. 140-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді.

141. Парламент депутатының басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, ақы төленетін өзге де жұмысты атқаруға, кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне құқығы жоқ. Осы қағиданың бұзылуы депутаттың өкілеттігін тоқтатуға әкеп соғады.

142. Дауыс беру құқығын депутаттың жеке өзі жүзеге асырады.

Парламенттің, Палатаның және оның органдарының отырыстарында депутат өзінің даусын басқа біреуге берген жағдайда - Палата Бюросының шешімімен депутатқа дауысты басқаға беруге жол берген күні үшін жалақы төлеуден, ал даусын басқа біреуге қайталап берген жағдайда айлық жалақысын төлеуден бас тартылады.

Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың 141-тармақтың талаптарын, депутаттық әдеп қағидаларын сақтауына, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға және оларды өкілеттігінен және депутатқа ешкімнің тиіспеуі құқығынан айыруға байланысты мәселелерді әзірлеуді Республиканың Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

Саяси партиялар фракцияларының құрамына кіретін депутаттарға "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңында көзделген жазалау шараларын қолдану туралы мәселеге саяси партиялар фракциялары бастамашы бола алады.

Ескерту. 142-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді.

143. Депутаттық қызмет мәселелері бойынша депутат мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекеттік ұйымдарға бөгетсіз кіру құқығын, сондай-ақ олардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдарының кідіріссіз қабылдауы құқығын пайдаланады.

Кіріп-шығу депутаттық куәлікті көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Қызметі мемлекеттік құпияларға байланысты ұйымдарға депутаттардың кіріп-шығу тәртібі заңмен белгіленеді.

144. Депутат Палатаның жалпы отырысына және оның жұмыс органдарының отырыстарына дәлелсіз себептермен үш реттен артық қатыспаған жағдайда, оған қатыспаған күндері үшін жалақы төлеуден бас тартылады.

Депутат Палатаның және оның органдарының отырыстарына дәлелсіз себептермен бір айдан астам уақыт қатыспаған жағдайда, депутатқа қатыспаған мерзіміне:

- 1) жалақысын төлеуден;
- 2) көлікпен жүріп-тұру құжаттарын кезектен тыс алуынан;
- 3) іссапарға шығуынан;
- 4) іссапар шығыстарын өтеуден;
- 5) автомобиль көлігімен қызмет көрсетуден;
- 6) емдеу-сауықтыру және санаторий-курорттық қызмет көрсетуден бас тартылады.

Бұл туралы шешімді депутат Парламенттің немесе оның Палатасының жалпы отырысына қатыспаған жағдайда, Республиканың Орталық сайлау комиссиясының ұсынуымен Палатаның Төрағасы қабылдайды.

Депутат Парламенттің немесе оның Палаталары органдарының отырыстарына дәлелсіз себептермен үш реттен артық қатыспаған жағдайда, оны қатыспаған күндері үшін жалақыдан айыру туралы шешімді Палатаның Бюросы оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қаулы шығару арқылы қабылдайды.

Депутаттың жауапкершілігі туралы шешім Палата Төрағасының өкімімен ресімделеді.

Ескерту. 144-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

145. "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Конституциялық заңмен, Парламенттің және Палатаның регламенттерімен белгіленген депутаттық әдеп қағидаларын бұзған жағдайда Палата Төрағасының шешімімен депутатқа мынадай жазалау шаралары қолданылуы мүмкін:

- 1) парламенттік бетке басу;
- 2) көпшілік алдында кешірім сұрауға мәжбүрлеу;
- 3) Палаталардың бірлескен немесе бөлек жалпы отырысының бірінде сөзден айыру;
- 4) Палаталардың үш бірдей бірлескен немесе бөлек жалпы отырысында сөзден айыру;
- 5) Палаталардың бірлескен немесе бөлек жалпы отырыстарының бірінде отырыс залынан шығарып жіберу;
- 6) Палаталардың үш бірдей бірлескен немесе бөлек жалпы отырысында отырыс залынан шығарып жіберу;
- 7) бір күндік жалақысынан айыру.

Депутатқа қолданылатын аталған жазалау шараларының бәрі Палата Төрағасының өкімімен ресімделеді.

Ескерту. 145-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді.

146. Депутаттарға жазалау шараларын қолданумен, олардың осы Регламенттің 144-тармағының талаптарын, депутаттық әдеп қағидаларын сақтаумен, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатумен және оларды өкілеттігі мен депутаттарға ешкімнің тиіспеуі құқығынан айырумен байланысты мәселелерді әзірлеу Республиканың Орталық сайлау комиссиясына жүктеледі.

147. Депутаттардың жауапкершілігі туралы мәселелерді олардың депутаттық әдеп қағидаларын бұзу фактісінен кейін немесе Орталық сайлау комиссиясы мүшесінің тиісті баяндауынан кейін Палатаның Төрағасы қарайды.

148. Мәжіліс депутаты Парламент пен Мәжілістің отырысына Палата Төрағасының рұқсатымен ғана қатыспауы мүмкін.

Депутат Палатаның, сондай-ақ Парламенттің немесе оның Палатасының жұмыс органының отырысына келу мүмкіндігі болмаған жағдайда, бұл туралы Палатаның Төрағасына не тиісінше Палатаның тұрақты комитетінің төрағасына алдын ала хабарлайды.

Ескерту. 148-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

11-тарау. Депутаттық сауалдар мен сұрақтар

149. Депутаттық сауал депутаттың Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек жалпы отырысында мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарынан осы органның немесе лауазымды адамның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Парламент сессиясында негізделген түсінік беруін немесе өзінің ұстанымын баяндауын ресми талап етуі болып табылады.

Парламент депутатының Республика Премьер-Министріне және Үкіметінің мүшелеріне, Ұлттық Банкінің Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорға, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы мен мүшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне сауал жолдауға құқығы бар. Бұл орайда, Бас Прокурорға не құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жолданған сауал қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыруға байланысты мәселелерге қатысты бола алмайды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына жолданған депутаттық сауалдарды қарау Палатаның жабық отырысында жүргізіледі.

Ескерту. 149-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

150. Депутаттық сауал жазбаша түрде енгізілуі мүмкін және Парламент Палаталарының бірлескен отырысында, Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында күн тәртібіне енгізілген мәселелер қаралып болғаннан кейін жария етілуге тиіс.

Палата депутаттық сауалдарды жария етудің өзге де уақыты туралы шешім қабылдай алады.

Сауалды жария ету үшін бес минутқа дейін уақыт беріледі. Белгіленген уақыттан асып кеткен жағдайда микрофон автоматты түрде сөніп қалады.

Ескерту. 150-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2007.10.17 № 64-IV; 2011.11.09 № 1926-IV; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

151. Депутат сауалында өзі сауал жолдаған нақты лауазымды адамды және күтетін жауабының нысанын (ауызша немесе жазбаша) көрсетуге міндетті.

Палатаның Аппараты сауал жалпы отырыста жария етілген кезден бастап үш күн мерзім ішінде оны тиісті мемлекеттік органның лауазымды адамына жібереді және сауалдың көшірмесін оған қол қойған депутатқа немесе депутаттарға ұсынады.

Ескерту. 151-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгеріс енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

152. Сауал жолданған лауазымды адамдар Парламент сессиясында ол бойынша ауызша немесе жазбаша жауап беруге міндетті. Сауалға жазбаша жауап бір айдан аспайтын мерзімде ұсынылады және сессияда жария етіледі. Сауалға жауап бойынша жарыссөз ашылуы мүмкін. Депутаттар сауалдың жауабына өз көзқарастарын білдіруге құқылы.

Ескерту. 152-тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысының редакциясында.

153. Егер депутаттық сауалға Парламенттің немесе Палатаның жалпы отырысында лауазымды адам ауызша жауап беруге тиіс болса, сауалға жауап ол жарияланған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде Парламенттің немесе оның Палатасының жалпы отырысында берілуге тиіс.

Депутаттық сауал авторының келісімімен сауалға басшының міндетін атқаруға тағайындалған ресми лауазымды адам жауап бере алады. Егер лауазымды адам қызметтік міндеттерін орындауға байланысты Палатаның жалпы отырысына қатыса алмайтын болса, сауалға жауап беру кейінге, бірақ бір айдан аспайтын мерзімге қалдырылуы мүмкін.

Парламенттің немесе оның Палатасының жалпы отырысындағы депутаттық сауал мынадай тәртіппен қаралады:

- 1) депутаттың сауалмен сөз сөйлеуі - бес минутқа дейін;
- 2) депутаттық сауал жолданған лауазымды адамның жауабы - жиырма минутқа дейін.

Сауалға жауап бойынша жарыссөз ашылуы мүмкін.

Жауапты тыңдап болғаннан кейін депутаттық сауалдың авторы, сондай-ақ басқа да депутаттар сауалда көтерілген проблемалар бойынша сұрақтар қоюы мүмкін. Депутаттық сауал жолданған лауазымды адамға депутаттардың сұрақтарына жауап беру үшін отыз минутқа дейін уақыт бөлінеді.

Ескерту. 153-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64 -IV; өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

154. Депутаттық сауалға жауап және оны талқылаудың нәтижелері бойынша Парламенттің немесе оның Палатасының қаулысы қабылданады. Сауал және оған берілген жауап бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы мүмкін.

155. Депутаттар Палаталардың бірлескен және бөлек жалпы отырысында Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне және Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банк Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорға, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы мен мүшелеріне ауызша сұрақтар қоюға құқылы. Сұраққа жауап - сол отырыста, ал жауап қайтаруға қосымша әзірлік қажет болған жағдайда үш күн мерзім ішінде қайтарылады.

Ескерту. 155-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

155-1. Депутаттық сауалдар мен оларға жауаптардың толық мәтіні Мәжілістің интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. Регламент 155-1 тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV; өзгеріс енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4-1-БӨЛІМ. ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНДЕ ДЕПУТАТТЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІ, ОЛАРДЫҢ ОРГАНДАРЫН ҚҰРУ, ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ДЕПУТАТТЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ

12-тарау. Парламент Мәжілісінің депутаттық бірлестіктері

Ескерту. 12-тарау ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысының редакциясында.

156. Парламент Мәжілісінің депутаттары саяси партиялардың фракциялары және депутаттық топтар түрінде депутаттық бірлестіктер құруға құқылы.

Депутаттық бірлестіктердің ішкі қызметін олар өздерінің ережелеріне сәйкес ұйымдастырады.

Ескерту. 156-тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысының редакциясында; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысының редакциясында; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

157. Саяси партияның фракциясы – Парламент Мәжілісінде тиісті саяси партияның мүдделерін білдіру мақсатында құрылатын, заңда белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияның атынан өкілдік ететін депутаттардың ұйымдасқан тобы. Саяси партия фракциясының ең аз саны "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленген кедергіні еңсерген саяси партиялар үшін бөлініп берілген депутаттық мандаттардың ең аз санына сәйкес келуге тиіс.

Депутаттың өзі Парламент Мәжілісінің құрамына сайланған бір ғана саяси партия фракциясында болуға құқығы бар.

Бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутат:

сайлауға саяси партия ұсынған жағдайда – өзін ұсынған саяси партияның фракциясында;

өзін-өзі ұсынған жағдайда – өзі мүшесі болып табылатын саяси партияның фракциясында бола алады.

Фракцияны саяси партияның фракциясы туралы ережеге сәйкес сайланатын жетекші басқарады.

Ескерту. 157-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64 -IV; өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.03.2023 № 9-VIII ПМ қаулыларымен.

157-1. Депутаттық топ - өздерінің өкілеттіктерін бірлесіп жүзеге асыратын депутаттар бірлестігі.

Депутаттық топтың құрамында Парламенттің кемінде он бес депутаты болуға тиіс.

Депутаттық топты депутаттық топ туралы ережеге сәйкес сайланатын жетекші басқарады.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысына сәйкес 157-1-тармақпен толықтырылды.

158. Саяси партиялардың фракцияларын тіркеу Парламент Мәжілісінің Бюросында жүзеге асырылады, депутаттық топтарды тіркеу Парламент Палаталарының Бюроларында жүзеге асырылады. Саяси партиялардың фракцияларын және депутаттық топтарды тіркеу келіп тіркелу тәртібімен жүргізіледі. Саяси партиялардың фракциялары өздерінің жазбаша хабарламасында парламенттік оппозицияға жататынын көрсетеді.

Тіркеу саяси партияның фракциясы немесе депутаттық топ туралы ереже, фракцияға не депутаттық топқа енген депутаттардың қолы қойылып куәландырылған

оның тізімдік құрамы қоса берілетін депутаттық бірлестік құру туралы жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Тіркегеннен кейін Бюро депутаттық бірлестіктердің тізімдік құрамын назарға алу үшін депутаттарға жібереді.

Осы тармақтың талаптарына сәйкес тіркелмеген депутаттық бірлестіктер заңсыз деп танылады.

Ескерту. 158-тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысының редакциясында; өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV ; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

159. Депутаттық бірлестіктерді тіркеген кезде олардың бір де біреуіне кірмеген Мәжіліс депутаттары кейіннен бірлестік мүшелерінің келісімімен олардың кез келгеніне кіре алады.

Депутаттың өтініші немесе саяси партияның басшы органының шешімі тіркелген күн депутаттың депутаттық бірлестіктен шыққан күні болып есептеледі.

Ескерту. 159-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысының редакциясында; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

160. Депутаттық бірлестіктен мүшелері шығып, оны тіркеген кездегі қажетті саннан мүшелерінің сан құрамы аз болып қалған жағдайда бірлестік өз қызметін тоқтатады.

Депутаттық бірлестіктердің (саяси партиялардың фракциялары мен депутаттық топтардың) құрамдарын уақтылы есепке алу мақсатында олар өздеріндегі адам саны өзгерген кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде Мәжіліс Бюросына өздерінің депутаттық бірлестіктері мүшелерінің өзгертілген тізімін ұсынады.

Ескерту. 160-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен өзгерістер енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысының редакциясында; өзгеріс енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

161. Депутаттық бірлестіктердің мүшелері саяси партия фракциясының, депутаттық топтың атынан:

1) Парламент және Палаталар отырыстарының күн тәртібі, талқыланатын мәселелерді қараудың тәртібі және олардың мәні жөнінде ескертпелер мен ұсыныстар енгізуге;

2) Парламент немесе оның Палаталары сайлайтын немесе тағайындайтын не олардың тағайындалуына Парламент немесе оның Палаталары келісім беретін лауазымды адамдардың кандидатуралары жөнінде өз пікірлерін айтуға;

3) Парламент және оның Палаталары қабылдайтын заңдардың, қаулылардың және басқа да актілердің жобаларына түзетулер ұсынуға;

4) Парламент депутаттарын азаматтардың қоғамдық маңызы бар өтініштерімен, саяси партия фракциясының, депутаттық топтың шешімдерімен таныстыруға;

5) мемлекеттік органдардан және лауазымды адамдардан депутаттық бірлестіктердің қызметіне қажетті материалдар мен құжаттарды сұратуға;

6) жарыссөз тоқтатылған кезде депутаттық бірлестіктің атынан сөз сөйлеуді талап етіп сұрауға құқылы. Бұл жағдайда міндетті түрде сөз беріледі.

Ескерту. 161-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64 -IV қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV; 07.09.2016 № 95-VI қаулыларымен.

161-1. Саяси партиялар фракцияларының жетекшілеріне, ал олар болмаған жағдайда не олардың уәкілеттік беруі бойынша саяси партиялар фракцияларының өкілдеріне талқыланатын мәселе бойынша фракцияның ұстанымын баяндау үшін Парламент Мәжілісінің жалпы отырыстарында, тұрақты комитеттердің, жұмыс топтарының отырыстарында, парламенттік тыңдауда және өзге де іс-шараларда сөз сөйлеу құқығына және сөз сөйлеуге бес минутқа дейін қосымша уақытқа кепілдік беріледі. Бұл кепілдік жарыссөз тоқтатылған жағдайда сөз сөйлеуге де қолданылады.

Ескерту. Регламент 161-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

162. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Парламентінің заң шығару және өзге де қызметінде саяси партияның мүдделерін білдіру;

2) Қазақстан Республикасының Президенті Республика Премьер-Министрінің кандидатурасы бойынша өткізетін консультацияларға қатысу;

2-1) парламенттік тыңдауға бастама жасау;

3) Парламент пен Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттіктерін іске асыру мақсатында жүзеге асырылатын саяси партиялар фракциялары қызметінің өзге де бағыттары Парламент Мәжілісіндегі саяси партиялар фракцияларының негізгі өкілеттіктері болып табылады.

Ескерту. 162-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64 -IV; өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

162-1. Саяси партиялар фракцияларының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен саяси партияның жоғары және (немесе) басшы органдарының шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Саяси партиялар фракцияларының қызметін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім жазбаша түрде Палата Бюросының назарына жеткізіледі.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысына сәйкес 162-1-тармақпен толықтырылды; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысының редакциясында.

162-2. Саяси партияның фракциясы өз қызметінде саяси партияның басшы органдарымен өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ саяси партияның қоғамдық қабылдау орнының жұмысына қатысады.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысына сәйкес 162-2-тармақпен толықтырылды; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысының редакциясында.

162-3. Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысына сәйкес 162-3-тармақпен толықтырылды; тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысымен алып тасталды.

162-4. Саяси партия фракциясының мүшесі саяси партияның жарғысына және саяси партияның фракциясы туралы ережеге сәйкес саяси партияның басшы органының шешімі бойынша саяси партияның фракциясынан шығарылуы мүмкін.

Депутатты саяси партия фракциясының құрамынан шығару немесе депутаттың одан өз еркімен шығуы туралы ақпарат Парламент Мәжілісінің, саяси партияның назарына жеткізіледі.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысына сәйкес 162-4-тармақпен толықтырылды; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

162-5. Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысына сәйкес 162-5-тармақпен толықтырылды; тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысымен алып тасталды.

162-6. Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысына сәйкес 162-6-тармақпен толықтырылды; тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысымен алып тасталды.

162-7. Саяси партияның фракциясы өзінің қызметін қамтамасыз ету үшін аппарат құра алады.

Саяси партия фракциясы аппаратының басшысы Парламент Мәжілісінің жалпы отырыстарына, Палата Бюросының және Парламент Мәжілісі жұмыс органдарының отырыстарына қатыса алады.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысына сәйкес 162-7-тармақпен толықтырылды; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді.

12-1-тарау. Парламенттік көпшілік және парламенттік оппозиция

Ескерту. 4-1-бөлім 12-1-тараумен толықтырылды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

162-8. Парламенттік көпшілік – Парламент Мәжілісінде депутаттық мандаттардың ең көп санын алған саяси партия.

162-9. Парламенттік оппозиция – Парламент Мәжілісінде өкілдік ететін және парламенттік көпшілікке кірмейтін, әдетте, әлеуметтік-экономикалық және (немесе) қоғамдық-саяси мәселелер бойынша парламенттік көпшілікке қарағанда өзге позиция ұстанатын саяси партия немесе саяси партиялар.

Парламенттік оппозиция жекелеген мәселелер бойынша парламенттік көпшілік партиясын қолдауы мүмкін.

5-БӨЛІМ. ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ

13-тарау. Парламент Мәжілісінің Төрағасы

163. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен алып тасталды.

164. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен алып тасталды.

165. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен алып тасталды.

166. Палатаны мемлекеттік тілді еркін меңгерген, Палатаның жалпы отырысында Мәжіліс депутаттары арасынан Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланған Парламент Мәжілісінің Төрағасы басқарады.

Ескерту. 166-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

167. Парламент Мәжілісі Төрағасының лауазымына кандидатураларды Палата депутаттары ұсынады.

168. Парламент Мәжілісі Төрағасының лауазымына кандидатқа Палата алдында сөз сөйлеу құқығы беріледі. Сөз сөйлеу уақыты - он минутқа дейін.

Кандидат сөз сөйлеп болғаннан кейін депутаттардың оған сұрақтар қоюға, кандидатура жөнінде өз пікірін айтуға, ұсынылған кандидатураны "жақтап" немесе "қарсы" үгіттеуге құқығы бар.

Мәжіліс Төрағасы лауазымына кандидатқа депутаттардың қойған сұрақтарына жауап қайтару үшін он бес минутқа дейін уақыт бөлінеді.

Кандидатураны талқылау үшін жиырма минутқа дейін уақыт бөлінеді.

169. Кандидатураларды талқылау бөлінген уақыт біткеннен кейін немесе депутаттың ұсынысы бойынша Палатаның шешімімен тоқтатылады.

Ескерту. 169-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

170. Парламент Мәжілісі Төрағасы лауазымына ұсынылған барлық кандидатуралар, өз кандидатураларын қайтарып алғандарды қоспағанда, жасырын дауыс беруге арналған тізімге енгізіліп, оны төрағалық етуші жариялайды.

Кандидаттарды жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге енгізу туралы жалпы отырысқа қатысушы депутаттар санының көпшілік даусымен Палатаның қаулысы қабылданады.

171. Жасырын дауыс беруді өткізу тәртібі осы Регламенттің 24-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 171-тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысының редакциясында.

172. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен алып тасталды.

173. ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен алып тасталды.

174. Егер жасырын дауыс беру нәтижесінде кандидат Палата депутаттары жалпы санының жартысынан астамының дауысын алса, ол Республика Парламенті Мәжілісінің Төрағасы лауазымына сайланды деп есептеледі.

175. Парламент Мәжілісінің Төрағасын сайлау туралы Палата қаулы қабылдайды, оған жалпы отырысқа төрағалық етуші қол қояды.

176. Егер Парламент Мәжілісі Төрағасының лауазымына екіден артық кандидат ұсынылып, олардың бір де біреуі Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусын ала алмаса, ең көп дауыс алған екі кандидат бойынша қайтадан жасырын дауыс беру өткізіледі.

Егер сайлау кезінде екі кандидаттың бір де біреуі Палата депутаттары жалпы санының жартысынан астамының даусын ала алмаса, жаңа кандидатураларды ұсынып, талқылай отырып, қайтадан сайлау өткізіледі.

177. Парламент Мәжілісінің Төрағасы, егер бұл үшін Палата депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қызметінен кері шақырылып алынуы, сондай-ақ отставкаға кетуі мүмкін.

Ескерту. 177-тармақ ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысының редакциясында.

178. Парламент Мәжілісінің Төрағасы:

- 1) Республика Парламентінің сессияларын ашады;
- 2) Палатаның жалпы отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 3) Палаталардың кезекті бірлескен жалпы отырыстарын шақырады, Парламент Палаталарының кезекті және кезектен тыс бірлескен жалпы отырыстарына төрағалық етеді;
- 4) Парламент отырысының күн тәртібін және жұмыс ретін Парламентінің жалпы отырысының бекітуіне енгізеді;
- 5) Палатаның қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуге жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 6) Палата Төрағасының орынбасарлары лауазымына сайлау үшін Палатаға кандидатураларды ұсынады;

6-1) Палатаға Конституциялық Соттың судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;

7) Палата қызметінде Регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;

8) Палата Бюросының қызметіне басшылық жасайды;

9) Палата шығаратын актілерге қол қояды;

10) Парламенттің және Палатаның регламенттерімен өзіне жүктелген басқа да міндеттерді орындайды.

Республика Парламенті Мәжілісінің Төрағасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады.

Ескерту. 178-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 №1926- IV; 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

14-тарау. Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасарлары

ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысының редакциясында.

179. Парламент Мәжілісі Төрағасының екі орынбасары болады, олар Парламент Мәжілісі Төрағасының ұсынуымен Палата депутаттарының арасынан Палатаның жалпы отырысында ашық дауыс беру арқылы Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

Ескерту. 179-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

180. Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасарлары лауазымына кандидаттарға Палата алдында сөз сөйлеу құқығы беріледі. Сөз сөйлеу уақыты - он минутқа дейін.

Кандидаттар сөз сөйлеп болғаннан кейін депутаттар оларға сұрақтар қоюға, кандидатуралар жөнінде өз пікірін айтуға, ұсынылған кандидатураларды "жақтап" немесе "қарсы" үгіттеуге құқылы.

Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасарлары лауазымына кандидаттарға депутаттардың қойған сұрақтарына жауап беру үшін он бес минутқа дейін уақыт бөлінеді.

Кандидатураларды талқылау үшін жиырма минутқа дейін уақыт бөлінеді.

Ескерту. 180-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді.

181. Кандидатураларды талқылау бөлінген уақыт біткеннен кейін немесе депутаттың ұсынысы бойынша Палатаның шешімімен тоқтатылады.

Ескерту. 181-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

182. Егер Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасарлары лауазымына кандидаттар сайлану үшін қажетті дауыс санын ала алмаса, Парламент Мәжілісінің Төрағасы жаңа кандидатуралар ұсынып, оларды талқыға және дауысқа салады.

Ескерту. 182-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

183. Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасарларын сайлау туралы Палата қаулы қабылдайды.

Ескерту. 183-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

184. Палата Төрағасының ұсынысы бойынша Мәжіліс Төрағасының орынбасарлары, егер бұл үшін Палата депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, Төраға орынбасарлары лауазымынан кері шақырылып алынуы мүмкін.

Ескерту. 184-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

185. Палата Төрағасының орынбасарлары өз еріктерімен отставкаға кетуге құқылы, егер бұл үшін Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, ол қабылданды деп есептеледі.

Ескерту. 185-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді.

186. Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасарлары Палата Төрағасының уәкілеттік беруі бойынша оның жекелеген функцияларын орындайды және Төраға болмаған немесе оның өз міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда оны орынбасарларының бірі ауыстырады.

Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасарлары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады.

Ескерту. 186-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді.

5-1-БӨЛІМ. ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен 5-1 - бөліммен толықтырылды.

186-1. Парламент Мәжілісі шет мемлекеттердің парламенттерімен, халықаралық және парламентаралық ұйымдармен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысына сәйкес 186-1-тармақпен толықтырылды.

186-2. Мәжіліс Төрағасы немесе оның уәкілеттік беруі бойынша Палата Төрағасы орынбасарларының бірі халықаралық ынтымақтастық шеңберінде жүзеге асырылатын

ресми және жұмыс сапарлары туралы, сондай-ақ Мәжіліс депутаттарының шетелдік іс-сапарлары туралы өкімдер шығарады.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысына сәйкес 186-2-тармақпен толықтырылды.

186-3. Мәжіліс Төрағасы мен оның орынбасарларының, сондай-ақ Мәжілістің тұрақты комитеттерінің ұсынысы бойынша Палата Бюросы шет мемлекеттер парламенттерінің және парламентаралық ұйымдардың делегацияларын Қазақстан Республикасына шақыру мәселелерін қарайды.

Ескерту. Регламент ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысына сәйкес 186-3-тармақпен толықтырылды.

6-БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

187. Регламент қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 187-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгеріс енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысының редакциясында.

188. Мәжіліс Регламентін өзгерту және толықтыру туралы ұсыныстарды Палатаның депутаттары, тұрақты комитеттері және депутаттық бірлестіктер Палата Бюросына енгізе алады, Бюро Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетіне осы ұсыныстарды қарауды және Мәжілістің жалпы отырысының қарауына енгізу үшін материалдар дайындауды тапсырады.

Ескерту. 188-тармаққа ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен өзгерістер енгізілді; ҚР Парламенті Мәжілісінің 2011.11.09 № 1926-IV қаулысының редакциясында.

189. Өзінің конституциялық өкілеттіктерін жүзеге асыру мақсатын көздей отырып Парламенттің және Мәжілістің регламенттерімен белгіленген шарттар мен рәсімдерді сақтамай өткізілетін Мәжіліс депутаттарының кез келген отырысы заңсыз болып табылады. Осы отырыстарда қабылданған актілердің күші болмайды.

Ескерту. 189-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV қаулысымен.

190. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен.

191. Мәжілістің, оның консультациялық-кеңесші органдарының қызметін ұйымдастырушылық, құқықтық, ақпараттық-талдау тұрғысынан және өзге де қамтамасыз етуді Палатаның Аппараты жүзеге асырады.

Ескерту. 191-тармаққа өзгерістер енгізілді ҚР Парламенті Мәжілісінің 2007.10.17 № 64-IV; 2011.11.09 № 1926-IV қаулыларымен.

192. Мәжілістің қызметін инженерлік, шаруашылық-тұрмыстық, көлікпен, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы жүзеге асырады.

Ескерту. 192-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2007.10.17 № 64-IV; 2011.11.09 № 1926-IV; 23.12.2020 № 1413-VI ПМ (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

193. Мәжіліс Аппаратының қызметі мемлекеттік қызмет туралы нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Мәжіліс Аппараты туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының қызметін қамтамасыз етуге бағытталады.

Парламент немесе Парламент Мәжілісі өкілеттігінің мерзімі аяқталуымен байланысты, Парламент немесе Парламент Мәжілісі таратылған және оның депутаттарының жаңа құрамы сайланатын жағдайда Мәжіліс Аппаратындағы мемлекеттік қызметшілердің қызметі тоқтатылмайды.

Палата Аппаратының жұмысын Мәжіліс Аппаратының Басшысы басқарады, ол Палатаның Бюросына есеп береді.

Ескерту. 193-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III; 2007.10.17 № 64-IV қаулыларымен.

194. Мәжіліс қызметінде жариялылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу, Палата мен оның құрылымдарының бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысын жүзеге асыру, сондай-ақ баспасөз, телевизия, радио және әлеуметтік желілер үшін ресми материалдар әзірлеу мақсатында Парламент Мәжілісінің баспасөз қызметі құрылады.

Мәжілістің баспасөз қызметі Палата Бюросында бекітілетін Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі жанында Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін тіркеу туралы қағидалар негізінде бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін тіркейді.

Ескерту. 194-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Парламенті Мәжілісінің 21.12.2022 № 653-VII ПМ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

195. Алып тасталды - ҚР Парламенті Мәжілісінің 2005.10.12 № 407-III қаулысымен.